

Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз. Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Ұлы Дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТАЛБЕСІК



ТАУ ТУРИЗМІ –
ТАБЫС КӨЗІ

5

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 17 қарашадағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 012 837

II компонентпен
964 717

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.11.2021

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

19.11.2021

Түнде:



-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №140 (6116) 18 қараша, бейсенбі, 2021 жыл.

ЕКПЕ АЛУ МАҢЫЗДЫ

«Жасыл» аймақтамыз, бірақ бұл індеттің жаңа толқынының қауіптілігін жоққа шығармайды



«Алматы» телеарнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасының кезекті шығарылымында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистегі эпидемиалық жағдайды баяндады. Шаһар басшысы әңгіменің әлқиссасын Алматының «жасыл» аймаққа өткенінен бастады. Алайда, мегаполис әкімі бұл коронавирустық инфекция дертінің

жаңа толқынының қауіпті екенін жоққа шығармайтынын еске салды. Сонымен қатар, алматылықтарды түрлі желсөзге толы алып-қашпа әңгімелерге сенбеуге, карантиндік талаптарды сақтауға шақырды. Эфир барысында әкім қала тұрғындарын толғандырған бірқатар сұрақтарға жауап берді.

2

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ

ӘР ОҚЫРМАН – БАҒАЛЫ



Соңғы уақытта редакциямызға хабарласып, «газет қолға тимей жатыр» деп шағым айтатын оқырмандарымыздың қатары артты. Қыркүйек айынан басталған үздіксіз қоңыраулар мәселенің қашан шешілетінін сұрап, әлі де тыным табар емес. Осы сауалдарға жауап іздеп, «Қазпошта» АҚ Алматы қаласы филиалына хабарласқанбыз. Олар пошташылар мен курьерлердің жеткіліксіздігі себебінен мәселе туындап жатқанын айтқан. Ал оған пошташылар жалақысының төмендігі себеп көрінеді. Арада 2 ай уақыт өтсе де, мәселе түйінделмегенін байқадық. Соның себебін сұрау үшін «Қазпоштаға» қайта хабарластық.

4

ҚЫСҚА...

- 18–20 қараша аралығында ел аумағында 25 градусқа дейін аяз болады. Ал оңтүстік өңірлерде 5–13-тен 8–16 градусқа дейін аяз.
- Еліміздегі кез келген ауылдың сумен жабдықталу деңгейін енді интерактивті картадан көруге болады. Карта интернетте ашық орналасқан.
- Қалада 1644 жасөспірім, 251 жүкті әйел және 841 бала емізетін ана Pfizer препаратымен вакциналанды.
- Нұр-Сұлтан қаласының Дін істері басқармасы бірыңғай төлем құжатының арнайы түбіртектеріне Ikomex-109 дін мәселелері жөніндегі сенім телефонын жаздырды.
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» иеленген көпбалалы аналар үшін мегаполистегі автотұрақтар – тегін.

www.almaty-akshamy.kz



Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына 261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!



РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҮПКІ МЕЖЕСІ – ҰЛТТЫҢ САПАСЫН ЖАҚСARTU



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысына қатысты. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, жиын барысында Президенттің Ұлттық кеңес аясында бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы, сондай-ақ қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму мәселелері жөніндегі ұсыныстар талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңестің екі жыл ішінде еліміздегі көптеген оң өзгеріске жол ашқанына ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы осы жылдан бастап жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік берілгенін, оны жылжымайтын мүлік сатып алуға, ипотекалық

несиені өтеуге және емделуге жұмсап жатқанын еске салды. Сондай-ақ, ол аудандық маңызы бар қалалардың, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлаудың енгізілуі қоғамымызды демократияландыру жолындағы үлкен қадам болғанын айтты. Биыл елімізде 800-ден астам ауыл әкімі сай-

ланып, нәтижесінде ауыл әкімдерінің корпусы екі есе жаңарды. Білім беру саласын жетілдіруге ерекше тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев мектептердегі орын тапшылығын өте өзекті мәселе ретінде атады.

Қазіргі таңда елімізде медицина кадрларының тапшы екенін де Президент тілге тиек етті. Бұл салаға 4 мыңға жуық қызметкер жетіспейді екен. Облыс орталықтарында, әсіресе, аудандар мен ауылдарда білікті дәрігерлер аз. Сондықтан Президент өңір әкімдері осы мәселемен белсенді түрде айналысуға тиіс екеніне назар аударды.

Қазақстан Президенті кеңестегі барлық қабылданған шешім бюджетті жоспарлау және мемлекет қаражатын жұмсау кезінде мейлінше тиімді болуы керек екенін атап өтті. Сондай-ақ, ол мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ана мен баланы қолдау екенін жеткізді. Әйел адамдар бала күтімімен ұзақ уақыт отырғанда кәсіби қабілетін төмендетіп алатыны, жалғызбасты ата-аналарға мұндайда тіпті қиынға соғатынын айтып, оларға ерекше еңбек жағдайы жасалуы керек екенін атап өтті.

Жиын барысында Кеңес мүшелері Жеміс Тұрмағамбетова, Қайсар Тұрсынқожа, Тәттігүл Талаева, Александр Данилов және Уайс Ерсайынұлы сөз сөйледі.

Мемлекет басшысының айтуынша, елдегі реформалардың түпкі межесі – ұлттың сапасын жақсарту. Себебі, халқы мықты ел ғана қуатты мемлекет құра алады. «Ұлтымыздың кемелденуі үшін әрбір азамат өресі биік, парасатты болуға ұмтылуы қажет. Тәуелсіздігімізді даңғазға ұрандармен емес, ақылмен, парасаттылықпен, біліммен, сабырлықпен қорғағанымыз жөн. Еліміздің біртұтастығы реформаларымыздың табысты жүзеге асуының басты кепілі», – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● «AKIMAT LIVE»

ЕКІПЕ АЛУ МАҢЫЗДЫ

«Жасыл» аймақтамыз, бірақ бұл індеттің жаңа толқынының қауіптілігін жоққа шығармайды

(Басы 1-бетте)

Эпидемиал тұрақтанып келеді:
бірақ індет әлі де қауіпті



Бүгінде Алматыда КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтануы жалғасуда. Жыл басынан бері КВИ-дің 162 172 оқиғасы тіркелген. Соңғы аптада – 1073, ал

өткен тәулікте – 119 жағдай анықталған.

Эпидемиологиялық процестің қарқыны жөнінде ел бойынша эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасында 13 қарашада қала ағымдағы жылдың 24 қазанынан бастап «сары» аймақтан «жасылға» өтті. Бұл қалыптасқан ұжымдық иммунитеттің 56,2%-ының (вакциналандығандардың 48%-ы + жыл басынан бері ауырып сауыққандардың 8,2%-ы), сондай-ақ шектеу шаралары мен карантиндік ережелерді сақтаудың арқасында мүмкін болды.

КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін «сары аймақтағы» талаптарды сақтауды «жасылға» көшкеннен кейін кемінде 7 күн бойы жалғастыру қажет. Нысандар мен қоғамдық орындардағы «сары» аймақтың талаптары 21 қарашаға дейін сақталады.

Осыған орай, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қала тұрғындарын COVID-19 індеті әлі де қауіпті екенін ұмытпауға шақырды. Еуропа елдерінде, сондай-ақ Ресейде дерттің жаңа өршуі байқалады. Егер алматылықтар санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтамаса және вакциналануды жалғастырмаса, онда КВИ дертінің жаңа толқынының қайталану қаупі сақталады.

Бүгінде инфекциялық стационарларда 664 адам, оның ішінде 16 бала бар. Пациенттердің жалпы санының 27-сінің жағдайы өте ауыр, 307-і – ауыр, 330-ы – орташа ауыр жағдайда. 1227 пациент үйде АМСК-тің мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының бақылауында.

17 қарашада КВИ-ге қарсы екпені 1 013 983 адам алды. Pfizer Comirnaty вакцинасын 12 қарашадан бастап 3240 адам, оның ішінде 914 бала емізетін және 334 жүкті әйел, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі 1992 бала қабылдаған.

Мегаполис басшысының айтуынша, соңғы тәулікте 119 жаңа жағдай тіркеліп, 61 адам сауығып шыққан. Төсек-орындармен қамту жұмыстары да айтарлықтай төмендеген. Реанимация бөлімшелерінде де пациенттер азайған. Эфир барысында Бақытжан Сағынтаев вакциналаудың маңыздылығын еске салып, азаматтарды американдық Pfizer препаратын алуға шақырды. «Бізде жүкті әйелдер, бала емізетін аналар және балалар екпе алып жатса, менің ойымша, ересек адамдар оларға қарап, үлгі алуы керек. Қорқатын ештеңе жоқ», – деді Бақытжан Сағынтаев.

Құлжа трактісіндегі жолайрық
жақын арада ашылады



Тікелей эфир барысында Бақытжан Сағынтаев қалада салынып жатқан жолайрыққа қатысты қозғалысты іске қосудың мерзімдері туралы айтты.

Бұқтырма көшесі мен Құлжа трактісінің қиылысында көліктің жолайрығын салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. Қазіргі кезде №1 эстакада құрылысы және айналма жолдарды салу жұмыстары орындалды.

Ағымдағы айдың соңына дейін қозғалысты уақытша сызба бойынша ашу жоспарлануда. Эстакада бойымен Құлжа трактісі арқылы екі бағытта көлік қозғалысы ұйымдастырылады.

Бұдан басқа, шығысқа қарай қозғалыс кезінде Бұқтырма көшесінен Құлжа трактісіне бұрылыстар бойынша, сондай-ақ Құлжа трактісі бойымен қозғалыс кезінде айналма алаңсыз Бұқтырма көшесіне бұрылыс ашу жоспарлануда.

Бұл шаралар жолайрық құрылысы аумағында көлік қозғалысын ұйымдастыруды едәуір жақсартады және осы учаскедегі көлік жүктемесін азайтады.

Барлық бағыттағы қозғалысты ашу 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарлануда. Төрт және алты жолақты заманауи жолайрық Шығыс автомобиль айналма жолын әуежайға апаратын жолмен байланыстырады және учаске трассасының жүгін жеңілдетеді. Құлжа трактісі бойындағы эстакаданың ұзындығы 784 шақырым, Бұк-

тырма көшесіндегі туннель 570 шақырымды құрайды. Абаттандыру кезінде жақын аумақтарға 750 ағаш отырғызылатын болады.

Қоғамдық көлік тапшылығы
мәселесі шешіледі



Эфир барысында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Алматыда қоғамдық көлік мәселесі қалай шешіліп жатқанына тоқталды. Шаһар басшысының айтуынша, алдағы

айларда қалаға газбен жүретін 300 жаңа автобус жеткізіледі. «Мегаполисте 1000 бірлік көлік жетіспейді. Бұл демографиялық өзгерістерге байланысты. Біз өздерінің заман талабына сай парк бар, соның ішінде электр тартымдылығымен жұмыс істейтін ірі автотасымалдаушылардың келуін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп жатырмыз. Қоғамдық көлік тапшылығы мәселесі де көп ұзамай шешімін табады», – деді қала әкімі.

ТУЙЫН:

Тікелей эфир барысында мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың тыныс-тіршілігіне байланысты қойылған алматылықтардың бірқатар сауалдарына жауап берді. Қонырау шалған көрермендер мен әлеуметтік желі арқылы жолданған сауалдардың ешқайсысы назардан тыс қалмады. Тіпті, бірқатар сауалдар сол мезетте аудан әкімдері мен сала басшыларын эфирге қосу арқылы шешіліп отырды. Тұрғындардың сауалдарының арасында кейінге қалдыруға болмайтын мәселелер де болды. Оларды шешу үшін жауапты сала мамандарына бүгін барып анықтауларына, бағыт-бағдар беруіне тапсырма берді. Осылайша қала әкімі барлық орындалуы тиіс мәселелер өзінің тікелей бақылауында болатынын ескертті.

Ал тікелей эфирде қойылған сауалдардың жауабы «Алматы» телеарнасының сайтында жарияланатын болады.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы студенттер үшін
әлемдегі ең қолайлы

100

қаланың қатарына енді.



«Медеу» мұз айдынының

50-ші

мерейтойлық сырғанау
маусымы басталды.



Мегаполисте салынып жатқан
перинаталдық орталықта

150-ден астам
медицина қызметкері еңбек
ететін болады.



Алматыда

3400

спорт ғимараты бар.



Ағымдағы жылы шаһарда

300

газбен және электр қуатымен
жүретін қоғамдық көлік
жеткізіледі.



КЕҢЕС

Ынтымақтастық кеңесі өтті

Алматыда қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес өтті. Онда азаматтық секторды дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кездесу Қазақстан Тәуелсіздігінің мерейтойына орайластырылған «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы мүддесіндегі әріптестіктің 30 жылы» Х Азаматтық форумы қарсаңында өтті.

Кеңес мүшелері – ҰЕҰ өкілдері, «Аман-саулық» ҚҚ президенті Б.Түменова, «Мен алматылықпын» ҚҚ директоры К.Авершин, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы Ауғанстандағы соғыс және жергілікті әскери қақтығыстар ардагерлері мен мүгедектері қоғамдық бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы М.Абдушқуров, «Қазақстанның балалар үйлері түлектерінің қауымдастығы» қауымдастық нысанындағы ЗТБ президенті Р.Гасанов, «Алматы қалалық мүгедектер қоғамы» ҚБ төрағасының орынбасары У.Іңкәрібеков, «Ұлттық Медициналық Ассоциациясы» РҚБ президенті А.Садықова, «Педагогика ғылымдары академиясы» ҚБ басқарма төрағасы Ә.Құсайынов.

Жиын барысында ҰЕҰ мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мегаполисті дамытудағы азаматтық сектордың маңызды ролін талқылады.

Кеңес барысында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Д.Есдәулетов азаматтық сектормен өзара іс-қимылды нығайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар тура-

лы баяндама жасады. Сондай-ақ, қоғамдық маңызы бар және әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы қалалық білім, мәдениет, спорт, туризм, қоғамдық денсаулық, әлеуметтік әл-ауқат, дін істері, кәсіпкерлік және инвестициялар, креативті индустрия және жасыл экономика басқармаларының басшылары баяндады.

Кездесуге қатысушылар көтерілген мәселелерді шешу бойынша пікірлерін айтып, ұсыныстар алмасты. Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚҚ директоры А.Көбеева, «Азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы» ҚБ директоры Ж.Асанова, «Қоғамдық жоба» мекемесінің директоры А.Братенков өзара іс-қимыл туралы өз ойларын бөлісті.

Отырысты қорытындылай келе, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров әкімдіктің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту бойынша шаралар қабылдап жатқанын атап өтті. Әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсету практикасы жалғасатын болады.

– Мұндай өзара іс-қимыл және қолдау әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың, диалог пен жауапкершілік мәдениетін дамытудың маңызды шарттары болып табылады. Айтылған ұсыныстар мемлекеттік органдар тарапынан қолдау табады, – деп Е.Бабақұмаров іс-шараға белсенді қатысқаны үшін Кеңес мүшелеріне алғысын білдірді.

СПОРТ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы жұртшылығы джиу-джитсудан әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Алматы халықаралық әуежайынан күтіп алды.

Жеңімпаздардың қатарында қола жүлдегер Райымбек Ержан, екі алтын медаль иегері Нұрай Алтынбек және қазіргі біріншіліктің бас жұлдызы, төрт дүркін әлем чемпионы Жібек Құлымбетова бар. Әуежайға жиналған қала тұрғындары спортшыларды әдеттегідей қазақы дәстүрмен шашу шашып, салтанатты түрде қарсы алды. Олардың арасында жергілікті спорт басқармасының өкілдері мен «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілері және жүлдегерлердің туыстары да бар.

– Әлем чемпионы атанып жатқан қыздар мен жігіттер біздің мектептің оқушылары. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап мектебімізде джиу-джитсудан арнайы бөлімше ашылған. Қазіргі уақытта 4 бірдей жаттықтырушы балалармен жұмыс істейді. Бұл уақытқа дейін олар джиу-джитсу федерациясында жаттығып келген еді. Бүгінгі күні жастардың басым көпшілігі спортқа қызығып, жүлделі орындардан көрінуде. Қазақ елінің Көк туын көкте желбіретіп жүрген өр ұлдарымыздың саны көбейе берсін, – дейді №4 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Нұрболат Ысқақов.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Спортшылардың арасындағы 14 жастағы Жібек Құлымбетова Не-Ваза турнирінде Біріккен Араб Әмірлігі мен Таиланд және Ресей спортшыларынан басым түсіп, үш дүркін әлем чемпионы атанған болатын. Кейін жасыл белбеу иегерлері арасында «Abu Dhabi World Jiu-Jitsu Championship» сайысында да бақ сынап, әлем чемпионатын 4-мәрте ұтты.

«Қарсыластарымның барлығы осал болмады. Бірақ мен оларды жеңіп шығуға барымды салдым. Осы жетістікке жету үшін ұзақ уақыт еңбектендім. Ендігі жоспарым – алдағы жарыстарға мықты дайындалып, тағы да әлем чемпионы атану. Бұдан да биік белестерге жетіп, еліміздің атын әлемге таныту», – дейді Жібек Құлымбетова.

Спортшылардың арасында әлем чемпионатына алғаш рет қатысып жатқандар да бар. Олардың бірі 14 жастағы спортшы Нұрай Алтынбек джиу-джитсумен 9 ай

айналысқан. Аз уақыттың ішінде жақсы нәтижеге қол жеткізіп, әлем чемпионатының екі алтынын еншілеген. Жалпы әлем чемпионатының Не-Ваза 1-турнирінде джиу-джитсудан Қазақстан құрамасы 56 медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте үздік үштікке енді, оның 11-і әлем чемпионы атанды. Ал екінші «Abu Dhabi World Jiu-Jitsu Championship» сайысы әлі жалғасын табады.

– Екінші әлем чемпионаты өте тартысты өтті, себебі қарсыластар мықты болды. Алайда, Жібек өзінің аялауын асырып, ұпай санымен ұтып кетті. Бүгінгі күні біздер «Бақытты болашақ» қайырымдылық қорымен бірлесіп отырып, «Жанұя» балалар үйінің 20 тәрбиеленушісін тегін жаттықтырып келеміз. Алдағы уақытта да жеткіншектерден үлкен үміт күтеміз, – дейді «Sagadat batyr – QTT» клубының бас бапкері Нұрсұлтан Орынбасаров.

ҚАР ТАЗАЛАУ

Алматы ақ ұлпаға оранды



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Алматыда кеше сағат 14.40-тан бастап жапалақтап қар жауа бастады. Қардан тазартуға орай 191 құмшашқыш жолдарға көктайғаққа қарсы материалдар себуге.

Қаланың коммуналдық қызметінің мәліметінше, қар тазалауға барлығы 554 арнайы техника мен 1482 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қоғамдық көлік аядамаларын, көлік қоятын «қалталарды», көпшілік пайдаланатын орындарды қардан тазарту бойынша жұмыстар ұйымдастырылуда.

Сала мамандары түнгі уақытта 491 арнайы техника, оның ішінде 183 құмшашқыш және 323 жол жұмысшысы қар тазалаумен айналысады деп жоспарлап отыр. Аудандық әкімдіктер мен мердігерлік кәсіпорындарда қар тазалау жұмыстарының өндірісін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

КӘСІПОРЫН

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы баспасөз қызметінің мәліметінше, зауыттың құрылыс жұмыстары 2022 жылдың күзіне қарай аяқталады деп күтілуде.

Жоспар бойынша аталмыш кәсіпорын жыл сайын 140 млн.-ға жуық шыны бұйымдарын шығарып, еліміздің бюджетіне 1 млрд. теңге салық аударатын болады. Сонымен қатар, шамамен 300 жұмыс орны ашылады.

Алматы Индустриалды аймағының аумағында орналасқан жер телімінің алаңы 4 гектарды құрайды. Қазір мұнда қуат беру, газ, су жеткізу, кәріз желілерін жүргізу және жүктерді тасымалдау үшін теміржолға баратын жолға арналған коммуникация желілерін жүргізу бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұдан басқа, қазір аумақта зауыттың негізгі ғимаратының бірі салынды. Инвестицияның жалпы көлемі 2,5 млрд. теңгеден астам соманы құрайды.

Бүгінгі таңда, республикада Ресей Федерациясынан әйнек ыдыстарының (бөтел-

ке, банкі және медициналық ыдыстар) шамамен 50%-ы импортталады. Егер зауытты іске қосатын болсақ, импорттың 15–20%-ға төмендеуі мүмкін.

«Аталмыш зауыт қайта өңдеу өнеркәсібіне жатады. Зауыттың құрылысын салу үшін бізге энергетикалық қуаты мол және логистикасы ыңғайлы аумақ қажет болды. Индустриалды аймақта мұның бәрі бар, жасалған жағдайлары біздің көңілімізден шығады. Аумақ бойынша біздің Алматыда және Алматы облысында орналасқан әлеуетті тұтынушыларымыздың зауыттарына жақынбыз. Бұл алкогольді және алкогольсіз өнімдер шығаратын зауыттар, консервілеу зауыты, медициналық компаниялар және т.б. Құны мен сапасы жағынан біздің әйнек ыдыстарымыз Ресейдің өнімдерінен еш кем емес. Біздің ерекшеліктеріміздің бірі логистика болып табылады, ол тез сынуға бейім шыны тауарларды жеткізу уақытын азайтуға мүмкіндік береді», – дейді «Бағдар



ЛТД» ЖШС директоры Зейнолла Исмаилов.

Келешекте компания тарапынан өнімнің экспортын жақын шет елдерге,

оның ішінде Қырғызстанға, Өзбекстанға және Тәжікстанға экспорттау мүмкіндігі қарастырылуда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС ӨРКЕНДЕЙДІ

Алматы Индустриалды аймағында әйнек ыдыстарын өндіретін зауыт салынып жатыр



ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ТАМЫРШЫСЫ



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

16 қараша күні Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында көрнекті тарихшы-ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан ҰҒА академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың және ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Академик М.Қ.Қозыбаев және отандық тарихтың заманауи концептуализациясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференция барысында академик Манаш Қозыбаев мемориалдық кабинетінің салтанатты ашылуы болды.

Басқосуда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының докторы,

профессор Зиябек Ермұханұлы М.Қозыбаевтың өмірі мен қызметінің жарқын белестерін сөз етті:

— Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Тазкөл ауылында дүниеге келген. 1953 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Тарих факультетін үздік тәмамдаған. 1953–1958 жылдары Қостанай педагогикалық институтында оқытушы болып еңбек жолын бастаған. 1958 жылдың жазында Манаш Қабашұлын Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтына жұмысқа шақырады. Мұнда ол 1974 жылға дейін аға ғылыми қызметкер, ғылыми хатшы және партия құрылысы секторының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1971 жылы Қазақ КСР ҒА төралқасы ғалымға Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын берді. 1973 жылы тарихи-партиялық ғылымды дамытудағы

жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Манаш Қабашұлы 1974–1980 жылдары Алматы малдәрігерлік институтында, кейіннен С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың жанындағы Қоғамдық ғылымдар пәндері оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. М.Қозыбаев 1980–1986 жылдары Қазақ совет энциклопедиясының бас редакторы болды. 1986–1988 жылдары Манаш Қабашұлы Кеңестік Қазақстанның тарихнама бөлімінің меңгерушісі, ал 1988 жылдан 2002 жылдың қаңтарына дейін, яғни өмірінің соңына дейін Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры қызметін атқарды. 1989 жылы ғалым Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. 1990–1993 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, кейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланды. 1995 жылы Манаш Қабашұлы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына, ал 1997 жылы Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығына ие болды, — деді ол.

Жиын соңында М.Қозыбаевтың 800 ғылыми, ғылыми-публицистикалық еңбектердің, соның ішінде 30 монография (олардың 18-і бірлескен авторлықпен), 50-ден астам ұжымдық, оның ішінде Қазақстан тарихының әдіснама, тарихнама және деректану, халықтың тарихи санасын қалыптастыру мәселелері жөніндегі көп томдық еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы екені, оның шәкірттерінің арасында Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Ресейдің көрнекті ғалымдары бар екендігі айтылды.



Әр оқырман – бағалы



**Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Ұлттық пошта операторы «Қазпошта» АҚ пошташылар мен курьерлердің еңбекақысын төлеуге байланысты жаңа жағдайлар жасалып жатқанын айтады. Осы жоба аясында пошташылар мен курьерлер белгіленген жалақының орнына әрбір нақты жеткізілген пошта жөнелтілімі үшін ақы алатын болады.

— Бүкіл Қазақстан бойынша, оның ішінде Алматы қаласы бойынша қыркүйек айында «Қазпоштань» жеткізу қызметінің жаңа форматы енгізілді. Бұрын пошташылар газет-журнал, хат-хабарлардың барлығын тұрақты жалақыға (оклад) жеткізетін еді. Ал қазіргі таңда олардың бәрі қанша газет-журнал жеткізсе, соған байланысты жалақы алады. Осы тұрғыда, олардың жалақысын дұрыс есептеп, сәлемдемелерді уақытылы жеткізуін қадағалау үшін мобильдік қосымша жасалды. Мысалы, «Яндекс», «Glovo» жеткізу қызметтерінің платформасы секілді мобильдік қосымшаны іске қостық, — дейді «Қазпошта» АҚ Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Нұрәулет Қабылов.

Сала мамандарының айтуынша, жаңа жобаны енгізу «Қазпоштаға» жеткізу бойынша сервис сапасын едәуір жақсартуға, ал қызметкерлерге табысын арттыруға және жұмыс күнін неғұрлым еркін жоспарлауға мүмкіндік береді екен. Жалақы төлеу әдісі «көп жеткіземін — көп табамын» қағидасына негізделген.

— Жаңа жобаны іске қосқалы бері жеткізу қызметіндегі мәселелер шешімін тауып келеді. Мысалы, пошта қызметкерлері алдында тұрақты жалақы болғаннан кейін, біреуі аз, біреуі көп жеткізіп жүрді. Ол кезде сапаға жұмыс істеу болмады. Қазір, ең бастысы, сапаға көңіл аудару үшін осындай платформа ойлап таптық. Бұдан былай почтальон қанша сәлемдеме жеткізді, жалақы да соған қарай есептелетін болады. Жұмыстың жаңа форматынан кейін жеткізу қызметінен 50 шақты адам жұмыстан босатылды. Олардың орнына қосымша-

мен жұмыс істей алатын қызметкерлерді тартып жатырмыз. Жалақысының жоғары болғанын қалайтын қызметкерлер 2-3 почтальонның учаскісін алып жеткізіп жүр. Осыған байланысты қазіргі таңда 30%-дан аса почтальондардың жалақысы 2-3 есеге өсті. Бұл қосымшада сәлемдемені тікелей, нақты қолға жеткізу маңызды болып табылады. Сондықтан қазір жеткізу қызметінің сапасы артты. Бұл мобильді қосымша бойынша Қазақстандағы бүкіл ірі қалалар жұмыс істеп жатыр. Бұған дейін Маңғыстау облысын, Ақтау, Атырау қалалары 2-3 жылдай уақыт осы мобильді қосымшамен жұмыс істеп келе жатыр. Биыл еліміздің барлық қалалары көшті. Оның ішінде, әрине, Алматы қаласы да бар. Қазіргі таңда қаланы толық қамтып жатырмыз. Қаланың шет жақтарында тұрғындар аз болғандықтан, газет-журналға жазылатындар саны аз болды. Бірақ сол учаскіге жауапты почтальон қаланың орталығында сәлемдеме жеткізетін почтальондармен бірдей жалақы алып жүрді. Қазір ондай жерлерге де мобильді курьерлер жеткізетін болғандықтан, бәрі сапалы, әрі әділ деп ойлаймын, — дейді директорының орынбасары.

Ал оқырмандарға әлі күнге дейін газеттің жеткізілмеуіне мобильді қосымшаға пошташылар мен курьерлердің үйрене алмай себеб болды. «Қазпошта» АҚ Алматы қаласы директорының орынбасары Нұрәулет Қабылов «мәселе жақын арада шешімін табады» деп уәде берді.

— Қазір жаңа жүйені енгізіп жатқаннан кейін мобильді қосымшаға үйренісу барысында, қызметкерлер ауыстыру барысында кішкене қиындықтар туындайтын белгілі. Соның салдарынан жеткізу қызметі толық атқарылмай жатуы да мүмкін. Бұл мәселе жақын арада толық шешіледі. Мұндай түсініспеушілікті мүлдем болдырмауға тырысамыз. Себебі, оқырмандардың газет алуы бізге қолайлы, сонымен қатар, сіздердің абыройларыңызды түсірмеуге тырысамыз. Екіншіден, қазір газет-журнал оқитындар саны азайып бара жатқаны белгілі ғой. Сондықтан әр оқырман біз үшін өте бағалы.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА АУА

Мегаполис көшелерінде ауқымды тазалық жұмыстары жүріп жатыр

Алматыда күзгі санитарлық тазалық жұмыстары белсенді жүргізілуде. Міне, бүгін біз отырған мекеменің маңайында да қолдарына қажетті құрал-саймандарын ұстаған жол жұмысшылары жұмыс істеп жатыр. Айтуларынша, олар қала көшелерін, көпшілік пайдаланатын орындарды, арық желілерін күзгі жапырақтардан арылттып, тазартады.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

— Алматыда жыл он екі ай көркейту-көгалдандыру жұмыстары мен тазалық жұмыстары белсенді жүргізіледі. Бұл шаралардың барлығы алып шаһардың келбетін көріктендіруге, мәдениетін дамытуға бағытталғаны белгілі. Біздің міндетіміз — Алмалы ауданының аумағын толықтай қамтып, күл-қоқыстан тазарту. Осыған байланысты бүгін көшелерді тазалауға 73 арнайы техника жұмылдырылып, 193 жол жұмысшысы білек сыбана жұмыс істеп жатыр. «Қыстың қамын жазда ойла» демекші, эне-міне, дегенше қар да жауады. Арасында жаңбыр жаууы да мүмкін. Сондай кездерде судың кедергісіз ағып кетуі үшін арықтар мен жолдың қозғалыс бөлігінің астындағы арық өткелдерін де тазартып жатырмыз, — дейді Алмалы ауданына қарасты «Тазалық» МКК-нің басшысы Азамат Алуадинұлы.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Алып шаһар тазалығымен де ерекше

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген ғой. Соңғы кезде қаламыз көркейіп келеді. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың бастамасымен шаһарда ұлттық нақышта безендірілген аллеялар, демалыс орындары көбейді. Көше бойлары түгел жарықтандырылып, қала заманауи үлгіде дами түсті. Қаламыздың осылай көркейіп жатқанын көріп біз де қуанып отырамыз. Осы орайда Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтеновке және әкімдік қызметкерлеріне Әйтиев көшесінің тұрғындары атынан алғыс айтқымыз келеді. Аудандағы жауапты сала мамандары тұрғындармен өте тығыз байланыста қызмет атқарады. Біз халық үніне құлақ асатын мамандарға ризамыз. Олар тұрғындар тарапынан айтылған барлық талап-тілектерімізге уақытылы жауап береді. Әсіресе, қала шаруашылығына қатысты мәселелерді ешқашан кейінге ысырған емес. Мәселен, жақында ғана Әйтиев көшесіне біздің өтінішіміз бойынша тротуар жасады. Ауаларымызға абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Үйіміздің қасында өзіміз ескен қайың, туя, терек ағаштары бар. Біз олардан түскен жапырақтарды өзіміз тазалап, үйіп қойсақ, тазалықшылар өздері жинап алып кетіп отырса деп те өтініш айтқан едік. Оны да дағдыға айналдырды, қазір уақытылы тазалық жұмыстарын жүргізіп отырады. Талап-тілектерімізге ыждағаттылықпен жауап беретін Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Айнуір Бекжанова, Алмалы ауданы Көріктендіру бөлімінің бас маманы Нұрәулет Тоқсанбаева да алғыс айтамыз. Міне, осылай тазалық жұмыстарын қала әкімі қолдап, аудан әкімі қолдап, тұрғындары жалғастырып жатса, қандай ғанибет! Өйткені, қаланың тазалығы баршамызға ортақ міндет. Сондықтан әрбір тұрғын өзі тұрған көшесіне тазалық жұмыстарын жүргізіп, дер кезінде күл-қоқыстан тазартып, уақытында ағаш отырғызса, нұр үстіне нұр емес пе?! Алматының келбеті тек сәнді де сәулетті ғимараттармен, жасыл желекті саябақтармен өлшенбейді. Алып шаһар тазалығымен де ерекшеленеді.

**Райхан СЫЗДЫҚОВА,
Алматы қаласының тұрғыны.**



«Қазпошта» басшылығы уәде беріп отыр, жақын арада мәселелер шешіледі деп сенеміз.



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



ТАУ ТУРИЗМІ –



Айнұр
СЕНБАЕВА

ТАБЫС КӨЗІ

Алматылықтар мен мегаполис қонақтары үшін отбасымен демалатын сүйікті орындардың бірі де бірегейі – тау. Табиғаттың ғажап туындысы тауларға адамзат ежелден-ақ құштар. Сондықтан тау туризмінің тарихы тереңде.

Қазақстанда туризм, соның ішінде тау туризмі енді-енді дамып келе жатқан салалардың бірі десек те, туризмді дамыту елімізге пайда ғана түсіріп қоймай, өз еліміздің табиғаты мен байлығын қорғауға, қаламыз бен даламызды көркейтуге түрткі болатын сала екенін түсініп келеміз. Бұған еліміздің түкпір-түкпіріндегі демалыс орындарындағы қызмет көрсету сапасының көтеріле бастағаны, жаңа демалыс аймақтары мен шипажайлардың пайда болуы дәлел.

Алматы – ежелден қонақжай қала. Бұрын еліміздің астанасы болған көркем қала бүгінде тек әдеби, мәдени орталық ғана емес, туризм орталығына да айналып келеді. Мегаполиске туристер кез келген мезгілде келіп демала алады. Алматының таулары қысы-жазы әдемі, алыстан мұнарланып, сұлулығымен көз тартады. Әсіресе, таудағы белсенді демалысты жақсы көретіндер үшін Алматыда қысқы спорт түрлері жылдан-жылға жанданып келеді. Күннің суығына, ауа райының құбылмалылығына қарамастан қыста спортпен шұғылдану денсаулыққа да, адамның көңіл күйіне де өте пайдалы. Алматының тауларында тау шаңғысы, сноуборд, коньки тебу, шанамен сырғанау секілді қызықтардан бөлек, таудың таза ауасымен кең тыныстап, табиғаттың сұлулығынан ләззат алудың өзі жанға жайлы демалыс. Қыс – денсаулықты шынықтырып, бойға күш-қуат жинайтын, сергитін мезгіл.

Іле Алатауының бауырында орналасқан Алматыда қысқы туризмнің қарқынды дамып келе жатқандығының дәлелі, мұнда



келушілердің жайлылығы үшін барынша жағдай жасалып, қажетті инфрақұрылымды дамыту іске асырылуда. Тауға жаяу барғанды жөн көретін жандар үшін тау жолдары ретке келтірілді, тауға көлікпен шығуға арналған жолдар жасалды, туристерге арналған үйшіктер көбейді, әлемдік стандарттарға сай демалыс орындары бой көтерді. Тәуелсіздіктің 30 жылында Алматыдағы туризм саласының көп ілгері басқанын байқауға болады. Айталық 1991–2021 жылдар аралығында Алматыға келетін туристердің саны 9,1 есеге өскен. Нақтырақ айтсақ, 1991 жылы мегаполиске турист ретінде келушілердің саны 54,7 мың адам болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 447,2 мың адамды құрады. 1991 жылы Алматыда тікелей рейстер 9 бағытқа ғана қатынаса, қазір 22 бағыт бойынша тікелей рейстер қатынайды.

Алматыдағы, жалпы Қазақстандағы қысқы туризмге тек өз еліміздің тұрғындары ғана емес, шалғайдағы елдердің азаматтары да қызығушылық танытуда. Алматыға тау шаңғысымен, сноубордпен айналысуға Оңтүстік-Шығыс Азия, Филиппин, Индонезия, Таяу шығыс елдері, Сауд Арабия, Катар, БАЭ елдерінен, Үндістан мен Малайзиядан туристер жиі келетін көрінеді.



Бакытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі:

ТАУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

Алматыны дамытып, көркейте түсудің перспективті бағыттарының бірі – туризм. Қазіргі таңда қаламызда туризмді дамытуға барынша күш салудамыз. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында бұл салаға тартылған инвестиция көлемі 29,6 млрд. теңгені (өсім 2,6%) құрады. Қазірдің өзінде мыңдаған шақырым жаяу тау соқпақтары цифрландырылды және ұзындығы 500 шақырымға дейінгі соқпақ абаттандырылды. Қосымша 172 шақырым тау бағыттары абаттандырылып, 4 кемпингтік аймақ пен 3 глэмпингтік аймақ құрылуда. Биыл Алматының таулы аймақтарында тікұшақ алаңын жасау, 2 бақылау-құтқару пунктін ұйымдастыру жоспарлануда әрі 16 құтқарушы тәулік бойы кезекшілік ететін болады. Сондай-ақ, құтқарушылар пультіне «SOS» спутниктік сигналын беру мүмкіндігі бар шалғай учаскелерде 15 лашық үй салынды. «Қазақтелекоммен» бірге таулардағы «көрінбейтін» аймақтарды ұялы байланыспен қамту бойынша жоба әзірленуде. Туристердің хабардарлығын арттыру үшін 10 интерактивті терминал орнатылады. Цифрландырылған бағыттар Интернет желісінде және офлайн-режимінде GPS Ranger және 2Gis навигаторларында қолжетімді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда 1991–2021 жылдар аралығында өткен маңызды спорттық және мәдени шаралар:

- 1997 жылы – II Орта Азиялық ойындар;
- 2011 жылы – VII Қыстық Азиада ойындары;
- 2017 жылы – Қысқы Универсиада, 20-сыншы Бүкіләлемдік халықаралық студент-жастар арасындағы спорттық жарыстар;
- 2018 жылы – қонақүй бизнесі бойынша «KITF», мұнай саласы бойынша «KIOGE», электр энергиясы мен атом саласы бойынша «Power Expo», ауыл шаруашылығы саласы бойынша «Agro World Kazakhstan» секілді халықаралық ірі көрмелер өтті.
- 2019 жылы – Халықаралық туристік көрме өтті.
- 2021 жылы – Алматы туризмі ТМД және алыс-жақын шет елдерде жарнамаланды.

Тау – Алматының келбеті. Мегаполистің жоғары оқу орындарында тау туризмі, альпинизм, спорттық туризм сонау 1950–1960 жылдары кәсіби түрде дами бастаған еді. Бүгінге дейін қалада біраз туристік нұсқаушылар мектебі қалыптасты. Халықаралық деңгейдегі мамандарымыз да қаламыздағы тау туризмін дамытуға үлес қосып жүр. Сондықтан Алматыдағы тау туризмінің болашағы зор әрі табысты болмақ.



● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«ЦЕЛИННЫЙ» КИНОТЕАТРЫ мультифункционалды кеңістікке айналады

Әлеуметтік желілерде Алматыдағы «Целинный» кинотеатрының ғимараты бұзылып жатқаны туралы ақпарат тараған болатын. Онда желі қолданушылары құрылысшылардың ғимаратты қоршап, сүріп жатқаны айтылған еді.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ғимаратқа иелік ететін «Целинный» заманауи мәдениет орталығы әкімшілігінің мәліметінше, жарты ғасырдан астам тарихы бар «Целинный» кинотеатры алдағы уақытта мәдениет пен өнердің өркендеуіне қолайлы жағдай жасайтын және оларды дамыту бағытында жұмыс істейтін мәдени орталыққа айналады.

Орталықты қазақстандық кәсіпкер Қайрат Боранбаев құрған. Ғимараттың рухани құндылығын арттыру мақсатында бүгінде онда британдық сәулетші Асиф Ханнның басшылығымен қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Басты міндет – кинотеатрдың мәдени бағыты мен ескі келбетін қалпына келтіру. Сәулетшінің айтуынша, «Целинный» кеңістігі келешекте нағыз мәдениет ошағы ретінде пайдаланылады. Нысан әмбебап бағытта қызмет ететін мультифункционалды кеңістікке айналады.

Асиф Хан – британдық сәулетші және суретші, визионер, сәулет студиясының негізін қалаушы. Ол 2018 жылы Дизайн кеңесінің (неміс дизайн кеңесі) «Жыл сәулетшілері» сыйлығының иегері. Оның жұмыстары «Канн арыстандары» фестивалінің Гран-Приін жеңіп алған. Сочидегі 2014 жылғы Қысқы Олимпиада ойындарындағы MegaFaces павильоны, 2012 жылғы Лондондағы Олимпиададағы Coca-Cola Beatbox павильоны, Хельсинкидегі Жаңа Гугенхайм мұражайының жобасы, Astana Expo 2017 көрмесіндегі павильон және 2018 жылғы Пхенчандағы қысқы Олимпиада ойындарындағы Hyundai павильоны сияқты жобалары да ерекше көзге түседі.

Ол қазіргі таңда Лондонның Уэст-Смитфилдтегі жаңа мұражайының жобасы, Dubai Expo 2020 көрмесіндегі сәулет нысаны және Алматыдағы «Целинный» заманауи мәдениет орталығының жаңа келбетін қалыптастыру бағытындағы жобаларын жүзеге асыруда.



Естеріңізге сала кетейік, «Целинный» кинотеатры Алматыда 1964 жылы ашылған. Деректерге сенсек, 1982 жылы мұндағы кинокөрсетілімдерді 2 миллионнан астам адам тамашалаған көрінеді. 1964 жылы типтік жоба арқылы салынған нысанға қазақстандық және кеңестік сәулетші Владимир Кацев өзгеріс енгізген. В.Кацев шаһардағы Алматы



циркі, «Медеу» мұз айдыны, Балуан Шолақ спорт кешені секілді айшықты нысандар бой көтергенде, құрылыстың басы-қасында жүрген негізгі мамандардың бірі болған.

«Целинный» өз заманында миллиондаған көрермен жинаған және бір жарым мың орынға арналған үлкен залы бар бірінші кинотеатр болған.

● ТҰСАУКЕСЕР

Жүрегі қазақ деп соққан ақын

Кеше Елордада Шөмішбай Сариевтің жаңа кітабы таныстырылып, ақын атындағы зал ашылды.



**Әсел
ДАҒЖАН**

Ақын, әдебиеттанушы, ғалым және Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Шөмішбай Сариевтің «Жүрегім – қазақ елі» атты жаңа туындысының тұсаукесері өтті.

«Шөмішбай ағамызды қанатты ақын деп бекер атамаған. Оның бір қанаты – ақындық болса, екінші қанаты – жыр шумақтары. Шөмішбай Сариевтің өлеңдерінде өмір мен табиғат сұлулығы керемет көркемделген. Сондай-ақ, ақынның лирикалық өлеңдері мен жырлары тыңдарманның жүрегін тез жасаулайды. Шөмішбай ағамыздың сөзіне жазылған әндерді Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Нұржамал Үсенбаева, Бағдат Сәмединова және тағы басқа елімізге танымал әншілер орындап жүр. Сол сияқты, талантты ақынның шығармалары

мәдениет, әдебиет саласындағы түрлі мемлекеттік сыйлықтар мен құрметтерге ие», – деді ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова.

Ақын кітабының тұсаукесері Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада өтті. Және аталған шараға қоғам және мәдениет қайраткерлері, ақын-жазушылар мен ақынның замандастары қатысты. Сондай-ақ, ұлттық кітапханада «Қос қанатты ақын» атты Шөмішбай Сариев есімі берілген зал ашылды.

«Бүгін ашылған залдағы мұралар арқылы қазіргі және кейінгі жас ұрпақ ақын Шөмішбай Сариевтің шығармашылығымен етене таныса алады. Талантты ақынның еңбектері жастарды шығармашылыққа баулитынына сенімдімін. Ағамыздың мәдениет пен әдебиеттегі ізі мен мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғасады деген ойдамын. Және осы істің басы-қасында жүрген жандарға алғысымды білдіремін. Ақынның шығармалары мәңгі жасай берсін», – деді министр.

Естеріңізге сала кетейік, елге еңбегі сіңген қайраткер Шөмішбай Сариев биыл ақпан айында дүниеден өтті.

● БІРЕГЕЙ ЖОБА

Әнмен әрленген ертегі

Балалар жазушысы Агата Ниязова-Белова «Музыкалық кітап» бірегей жобасын жасап шығарды. Ол балалар оқып қана қоймай, тыңдай алатын ерекше «Пончик пингвин құрастырады» ертегісін көпшілік назарына ұсынды. Оған кәсіби музыканттар Сәуле Нұкаева (скрипка) мен Рафис Зариповтың (аккордеон) да қосқан үлесі орасан.

– Сөздер мен музыканың көмегімен біз кітаптың барлық эмоциясын және жалпы көңіл күйін жеткізе алдық. Мұнда қуаныш, қайғы бәрі музыкалық атмосферадан алынады. Солай тарихқа толықтай енуге болады, – деп бөлісті автор.

Пингвин туралы ертегі Агата Ниязованың балаларға арналған төртінші кітабы. Бұған дейін автор Сары түлкі туралы әңгімелер сериясын шығарған. Онда ол балалармен бірге күрделі тапсырмалар мен жұмбақтарды шешіп, табиғатқа ұқыпты қарауды үйретеді, қазақ халқының дәстүрі туралы айтып, балаларға көшбасшылық қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

Жаңа жұмыс қызықты сюжетпен қоса пайдалы терапиялық әсерге ие. Мұнда мұғалімдер мен психологтар тұрғысынан фразалар нақты тандалған. Ол аналар мен балаларға бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға және баланың достарымен, мұғаліммен және жалпы қоғаммен дұрыс байланыс жасауына көмектеседі.

– Пингвин Пончик туралы кітап әркімнің өзіне деген сенімі жайлы. Сол арқылы өз қалауына жетуге болатыны туралы баяндайды, – дейді жазушы. Ертегі 4 жастан 9 жасқа дейінгі оқырмандарға арналған. Кітаптан әркім өзіне керегін таба алады. Үлкен шрифтпен жазылған еңбек түрлі-түсті иллюстрациялары арқылы баланы кітап оқуға қызықтырады.



– Баланы тәрбиелеуде отбасылық оқу маңызды рөл атқарады. Дұрыс таңдалған әдебиет балалары сиқырлы әлемге шақырады, онда «мүмкін емес» дейтін ешнәрсе жоқ. Кітап кейіпкерлері кішкентай оқырмандарға адалдық пен мейірімділікті үйретеді, оларға достық пен ізгіліктің шексіз күшін көрсетеді, – деді балалар жазушысы.

Сонымен қатар, автор көлөнер шеберлерімен бірге шығармалардың басты кейіпкерлерінің бейнесін жасады. Ол саусаққа киілетін қуыршақтар көптің көңілін табады деген ойда. Өйткені, енді балалар кітап оқып қана қоймай, «үй театрында» оқыған әңгімелерін сахналай алады.

Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.

● КИНО

«Соңғы үкім» фильмі түсіріліп жатыр

Шаһарда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Соңғы үкім» фильмінің түсірілімі басталды. Ол келесі жылдың маусым айына дейін жалғасады. Туынды еліміздің Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысымен шығарылмақ. Режиссердің айтуынша, туындының басты мақсаты – Алаш арысын ардақтау, ерен еңбегін елге жеткізу.



**Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ**

– Бұл фильмде көрермен үшін жаңалық өте көп. Тың тарихи мәліметтер жиналған. Көпшіліктің көңілінен шығу үшін шығармашылық топ талмай еңбектенеді. Бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Келесі жылдың аяғында сапалы туынды көрерменге жол тартады деп жоспарлап отырмыз, – деді режиссер Ерген Токмурзин.



Басты рөлді актер Азамат Сатыбалды сомдайды. Ол жұмысқа кіріспес бұрын Алашорда жайында мол ақпаратпен танысып шыққан. Өйткені, бұл тарихи еңбек әрі оның жас ұрпаққа берері көп болмақ.

– Әрбір ұлтта болатын зор тұлға ғой. Сондықтан жас ұрпақ бұл фильмді көруі тиіс. Ахмет бабамыздың алашордалықтардың кезіндегі атқарған қызметі – ұлт үшін өзін құрбандыққа шалумен тең болған. Бұл қазіргі таңда кездесе бермейтін ерлік, батырлық десе болады, – дейді актер Азамат Сатыбалды.

● ФОТОӨНЕР

«Жан шуақ»

Ел егемендігінің 30 жылдығына орай, Қазақстан фотожурналистикасының ардагері, ҚР фотоөнерінің қайраткері Нұрманбет Қизатұлының «Жан шуақ» атты фотоиллюстрациялық альбом-кітабы жарық көрді.

Нұрманбет Қизатұлы – алғашқы кәсіби бағытын аудандық газеттен бастап, республиканың барлық басылымында айшықты қолтанбасын қалдырған айтулы кәсіби маман. Бұл фотоиллюстрациялық

альбом-кітапты Қазақстанның соңғы 60 жыл бойындағы тарихи-фото шежіресі деуге лайық. Көркем фотожинақты парақтаған сайын әр суреттің ерекше ептілікпен, талғампаздықпен таспаға басылғанын байқауға болады.

Сондай-ақ, тамылжыған табиғат-ана, тағдыры тағылымды адамдар ғұмыры, бүлдіршіннің күлкісі, мемлекет қайраткерлерінің өмірінің ілкі бір сәттері бейнеленген. Кітап фотоөнерді сүйетіндермен қатар, көзқаракты көпшілік қауымға арналған.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



COVID-19

СТУДЕНТТЕР PFIZER ВАКЦИНАСЫН АЛУҒА ДАЙЫН

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Жанар Дәуренбаева студенттердің 85%-ы коронавирусқа қарсы егілгенін атап өтті. Жалпы, ЖОО-да 660-тан астам адам бар.



Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында спикер енді Pfizer вакцинасының арқасында кәмелетке толмаған студенттерді инфекциядан қорғауға мүмкіндік туып отырғанын айтты.

Студенттерді екпе алуға ынталандыру үшін оларға Түрген, Көлсай қорықтарына және Түркістан қаласына жолдамалар берілген.

«Біздің университетте 1481 профессор-оқытушы құрамы бар, оның ішінде 1383 адам егілді, бұл 93%-ды құрайды. Қалғандарының вакцинаға қарсы медициналық көрсеткіштері бар, олардың арасында жүкті әйелдер де бар. Әріптестеріміз декретке шыққан

ға дейін Pfizer екпесін алуды жоспарлап жүрді, – деді аграрлық ЖОО проректоры.

Ж.Дәуренбаеваның айтуынша, вакциналанған оқытушылар коронавирус жұқтырмаған, ал олардың жақындарының арасында вакциналанбағандармен салыстырғанда сырқаттану жиілігі бірнеше есе аз болған.

«Қазір 18 жасқа толмаған студенттеріміз Pfizer вакцинасын алуға келісті. Балалар вирустың таралуына қарсы күреске саналы түрде қарайды. Біз вакциналардың вирусқа қалай қарсы тұратынын түсіндіретін медициналық мамандармен үнемі кездесулер өткізіп тұрамыз. COVID-19 жұқтырған

кезде вакциналанған адамдарда вирустың жүктеме вакциналанбағандарға қарағанда төмен деп айтуға болады», – деді проректор.

Аграрлық университетте олар вирустың тек вакцинация ғана емес, басқа да тетіктер арқылы таралуының алдын алуда. Жоғары оқу орнында санитарлық нормалар сақталған, аудиторияларда, оқу корпустарында және жатақхана-ларда барлығы бетперде киіп жүреді. Әр инфекциядан қалай сақтану керектігі туралы ақпарат-тық материалдар орналастырылған. Ерікті студенттер вакциналау қажеттілігі туралы бейнероликтер түсірген.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің периметрі бойынша Ashyq жобасының QR-кодтары орналасқан. Ғимаратқа кіруге тек «жасыл» мәртебесі бар мұғалім-дерге және «көк» және «жасыл» мәртебесі бар студенттерге рұқсат етіледі. Жатақхана ғимарат-тарындағы алгоритм бірдей.

Проректор оқытушылар мен студенттерді вакциналау тікелей университет қабырғасында жүргізілгенін атап өтті. Медеу ауданы №2 және №5 емхана-ларының медицина қызметкерлері, «Медикер» медициналық орталы-ғының мамандары университет фельдшерлерінің қатысуымен жаппай вакциналауды ұйымдастырды.

«Біздің вакцина салуға арналған кабинетіміз барлық талаптарға сай жабдықталған, сондықтан біз кәмелетке толмаған студенттерді вакциналауды жалғастыруға және қауіп тобындағы оқытушыларды ревакциналауды жалғастыруға дайынбыз. Қазір ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз, олармен үнемі кері байланыстамыз», – деді Ж.Дәуренбаева.

БРИФИНГ



3600-ден астам студент екпе алады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазірдің өзінде 19 650 вакциналанған студент бар. Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында әлеуметтік даму жөніндегі проректор міндетін атқарушы Әлия Масалимова оқу орнындағы барлық студенттің 85%-дан астамы екпе алғанын айтты.

Спикердің айтуынша, ҚазҰУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің негізгі бөлігі жаппай вакциналанған. Университетте Univer жүйесінде опция жасалған, оның негізінде вакцина-ланған білім алушылар мен қызметкерлер бойынша деректердің күнделікті есебі жүргізіледі.

«Біздің университетте 3307 оқытушының 2948-і екпе алды, яғни 89%-дан астамы вакцина-ланды. 1851 қызметкердің 1663-і екпе салдыры. Мұғалімдер күн сайын студенттермен байланы-

сады, олар, әдетте, әлеуметтік белсенді, сондықтан жұқтыру қаупі жоғары. Осыны ескере отырып, олардың көпшілігі имундық қорғанысты күшейту үшін екпе алады.

Көп ұзамай, біраз адамдар препараттың үшінші дозасын алады. Бізде 26 990 студент оқиды, оның 3679-ы 18 жасқа толмаған. Қазір оларда КВИ-ден екпе алу мүмкіндігі пайда болды. Олардың кем дегенде 50-і Pfizer вакцинасын алғысы келді, олардың шешімін ата-аналары да қолдады», – деді Ә.Масалимова.

#ЕКПЕАЛ

Жасөспірімдер үшін қауіпсіз

Алматы жастар бірлестіктерінің көшбасшылары жасөспірімдерге коронавирустық инфекцияға қарсы тезірек екпе алуды ұсынды.



«Алматының студенттер альянсы» корпоративтік қорының басшысы Жасұлан Қуандық коронавирустың «дельта» нұсқасы өте қауіпті екенін айта келіп, жасөспірімдерді вакциналаудың аса қажет екеніне тоқталды.

Студенттер альянсының жетекшісі елімізде коронавирусқа қарсы имундау қолжетімді және ақысыз екенін, сондықтан ересектер де вакциналаудан өтіп, балаларды да аурудан қорғауымыз үшін екпенің маңызы зор екенін жеткізді.

Ж.Қуандық коронавирус бүкіл әлемде үйреншікті өмір салтын бұзғанын, оқушылар мен студенттердің бір жарым жыл бойы дәстүрлі форматта оқуға мүмкіндігі болмағанын атап өтті.

«Айналадағы вакциналанбаған достарым, таныстарым қатты ауырды, өзгелерге жұқтырды. Ал вакцина алғандардың арасында ауру-сырқау байқалмайды. Өзім қытайлық Vero Cell вакцинасымен егілдім, ешқандай кері, жанама әсерлері сезілмеді», – дейді ол.

Студенттер альянсы жетекшісінің мәліметі бойынша Алматыда 18 жасқа толмаған 180 мыңға жуық студент бар. Олардың әрқайсысымен еріктілер вакциналау

мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Жастар көшбасшысының пікірін Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры жобаларының әкімгері Мәдина Иманғожанова да қолдайды. Оның ойынша, ата-аналар вакциналаудан кейінгі асқынулардан қорықпауы керек, жасөспірім-дер Pfizer вакцинасын жеңіл қабылдайды, ал коронавирустың асқыну қаупі бірнеше есе жоғары.

Мегаполистің Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметінше, 1 ақпаннан 15 қарашаға дейінгі аралықта бірінші компонентпен 1 011 781, екінші компонентпен – 951 261 алматылық егілді. Егілгендердің жалпы санынан 60 жастан аскандар 121 595 адамды құрайды. Өткен жұмадан бастап Pfizer препаратымен 160 жүкті әйел, 552 бала емізетін әйел және 1130 жасөспірім егілді.

ASHYQ

Карантин талаптары жеңілдетіледі

Мегаполис 14 қараша күні «жасыл аймаққа» өтті. Егер коронавирус бойынша жағдай одан әрі тұрақтала түссе, 21 қарашадан бастап карантин шаралары жеңілдетіледі.

Бұл туралы Санитарлық-эпидемиология департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабылов хабарлаған болатын. Карантин талаптарына сай, қаладағы барлық Ashyq қатысушыларының жұмыс уақыты екі сағатқа ұзарады. Ashyq көшбасшылары 05.00-ге дейін, өзге

қатысушылар 03.00-ге дейін жұмыс істейді. Өзге іс-шараларды өткізу талаптарына да өзгерістер енгізіледі. Келушілер мен қызметкерлерде «жасыл» мәртебе болса, мына шараларға рұқсат беріледі:

- Отбасылық іс-шаралар мен мейрамдар (банкет, той, мерейтой) өткізу – 50 пайызға дейін, бірақ 100 адамнан аспайтын;
- Конференция форум және өзге де адамдар жаппай жиналатын іс-шаралар өткізу – 50 пайызға дейін, 100 адамнан аспайтын;
- Көрмелер – 70 пайызға дейін, 500 адамнан аспайтын;
- Көрермендердің қатысуымен өтетін спорт шаралары – 80 пайызға дейін.

КЕРЕК КЕҢЕС

Ауырмаудың жолын іздейік

Бірір аптадан соң қыс та қаһарына мінеді. Сондықтан суықтан қорғанып, вирустық ауруларға шалдықпау үшін қарапайым ережелерді сақтап жүрген жөн.

• Сықырлаған аяздан гөрі, ылғалды ауа райында жылы киініп жүрген жөн. Өйткені, -5 градуста күн жылы көрінгенмен, ылғалды, қарлы, желді болса, суық тигізіп алу қаупі жоғары.

• Денеге жабысып тұратын, тырысқан киім киімеу керек. Киім мен терінің арасында сәл ауа болғаны жақсы. Сонда денедегі жылу жақсы сақталады. Аяқты қысатын аяккіімнен бас тартқан жөн. Тар аяккіім киген кезде қан айналымы дұрыс жүрмей, аяқ тез жаурайды.

• Аяз кезінде ауызбен емес, мұрынмен тыныс алу қажет. Суық ауа мұрын жолдарынан өткенде жылиды. Ауызбен дем алған кезде бірден тамаққа суық тиіп қалады.

• Диетологтар суық ауа райында ыстық шай, жидектерден жасалған морс, компот секілді сусындар ішуге кеңес береді. Мұздатылған сусындардан бас тартқан абзал.

• Статистика бойынша спортпен айналысатын адамдар сирек ауырады. Сондықтан дене жаттығуларын жасап тұру артықтық етпейді.

• Қыста моншаға түсу де пайдалы. Тек моншадан соң жылы киіну керек.

Бетті дайындаған
Айнұр СЕНБАЕВА.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ

Бүгінгі шығарылым қоғамдық көліктердің тазалығы, қала көшелерін бүлдіретін жүк көліктері,

ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

Орындықтар тозып кеткен

Кеше «Көк базарға» бармак болып, «Восточка» тұрғын үй кешенінің жанынан №113 автобуска отырдым. Жолаушылар аз болған соң ба, орындықтардың көбі бос тұр екен. Жылдам барып біреуіне отыра қояйын десем, орындықтардың барлығы кірлегеннен қап-қара болып кетіпті. Барлығы сондай. Несін жасырайын, жиіркеніп кеттім. Сосын анықтап көз жүгіртсем, әлгі лас деп ойлаған дақтар кір емес, керісінше, орындықтардың бетіндегі қапталған шүберек сүзіліп кеткен екен. Мұны байқаған кез келген жолаушы орындықтарды лас деп ойлауы мүмкін. Автобустардың сыртқы көрінісі жаңа болғанымен, іші осылай тұрғаны шынымен өте жаман көрінеді. Сон-



дықтан алып шаһарды аралап, жолаушы таситын қоғамдық көліктер талапқа сай болса екен дейміз. Орындықтарды жаңалап қаптап

немесе әдемілеп сырлап қою керек шығар.

Айғаным БЕЙСЕНҚЫЗЫ,
зейнеткер.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Жылқылар жайылып жүр

Айтайық дегеніміз мынау, біз әсем қала Алматының батыс бөлігінде, «Шаңырақ» елдімекенінде тұрамыз. Айналамызда бұрын-дары жоқ еді, биыл оншақты жылқы пайда болды. Жануарлар жаз бойы көшенің арғы жағындағы сай ішінде тіршілік етті. Ұзынқұлақтан естуімізше, ол шет елден көшіп келген өзіміздің қазақ ағайындардың малдары-мыс. Олар ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланып, әлгі жылқыларының қызығын көрді. Қымыз дайындады. Елде коронавирус инфекциясы өршіп тұрған кезде жұрт солардан барып саумал ішіп жатты.

Мен жылқының тезегі туралы айтпай-ақ қояйын. Уақыт өте келе сайдың шөбі таусылып, малдар көше жиектік бастады. Бәлкім, пайдасын көріп жүргеннен соң болар, оған алғашында ешкім ләм-мим демеді. Аяғы бар мал бір орында тұра ма, кейіннен жылқылар есігі ашық аулаларға кіретінді шығарды. Қапелімде қақпаңыз ашық қалса болды, ауланды таптап, жылқылар жүретін болды. Талай мәрте топырлатып, айдап та шықты.

Бақылаусыз малдардың жайын айтып, әуелі «Томирис» бөлімшесінің әкімі Дәулетке ха-



барлады. Бір емес, екі-үш рет айттық. Сұрауы бойынша үй ауласында, көше қиылысында жайылып жүретін жылқылардың суреттерін түсіріп жібердік. Керек десе, сол жылқының иелерінің мекенін де хабарладық. Бірақ еш қайран болмады. Осылайша жылқылар біздің «мезгілсіз» қонағымызға айналды. Бұдан кейін болған жәйді бөлімше полициясы Ермек деген азаматқа айттық. Бөлімше әкіміне не айтсақ, полицияға да соны жеткіздік. Тағы да еш өзгеріс болмады. Тіпті осы жайды баяндап, Алатау ауданының әкімі А.Қалдыбековке де арыз жаздық. Бәрі ақылдасып алғандай үнсіз, осылайша өтінішіміз аяқсыз қалуда.

Құрметті редакция! «Байдың асын байғұс қызғаныпты» деменіздер, айтпағымыз – Алматы – Қа-

зақстанның мәдени әрі рухани орталығы емес пе?! Бізге жан-жақтан туристер келеді. Қаламызды тамашалайды. Сондықтан әлем қызығатын әсем қаланың ішінде, көше бойында, үй ауласында жылқы, сиыр, т.б. малдардың жайылып жүргені жөн бола қоймас. Мен осыған байланысты қандай да бір шара қолдану қажет деп ойлаймын. Осы мәселені шешудің де бір жолы бар шығар. Бәлкім, жылқыларды көшеге шығармау үшін жан-жағын қоршау керек шығар, әйтеуір, бір амалын табуға көмектессеңіздер екен. Жылқылар топталып жүрген соң көшеде балалар ойнап жүрсе де қауіпті ғой. Таптап кетсе қайтеміз!

«Томирис» шағынауданы,
Шыңқожа батыр көшесі
тұрғындары атынан
РОСПАНҚЫЗЫ.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Атына заты сай болса...

Алматыда «Престиж» деп аталатын тұрғын үй кешені бар. Бір қарағанда, атына сай дерсің... Бірақ мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мынадай пандустарын көргенде еріксіз ашуланасың. Мынадай «керемет» пандустармен кім жүреді? «Тұрғындар үшін жайлы қала» дегеніміз осы ма, сонда? – дейді алматылық Алексей Сорокин.

Әзірге бұл сауалға Бостандық ауданының әкімдігі, Қала құрылысын бақылау басқармасы, Алматы қаласының қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы секілді құзырлы орындар жауап беріп отырған жоқ.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалуы керек. Ол үшін барлық нысандардың алдында талапқа сай пандустар орнатылып, загіптар жүретін жолақтар мен тактильді белгілер тақтасы болуы қажет. Алайда, тағдырдың тәлкегіне түскен жандардың өміріне қолайлы жағдай



жасауды біздегі кейбір жауапты мамандар әлі күнге қолға ала қоймаған сыңайлы. Мәселен, қалада пандустары жоқ мекенжайлар туралы алматылықтар мынадай ақпараттар берді:

Gru Tolti: «Достық Плазаның» жанындағы «Қазпоштада» мықты пандус бар. Бірақ онымен көтерілген адам тұйыққа тіреледі. Өткенде мен арбамен көтерілемін деп біраз әуре-сарсаңға түскенім бар.

Алексей Щеглов: Абай даңғылы мен Масаншы көшелерінің қиылысындағы «Каспий Банктің» бөлімшелерінде, Орталық

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Қала жолдары – жүк көліктеріне тұрақ емес

Бүгінде мегаполисте ауқымды құрылыстар жүріп жатыр. Оның барлығы Жаңа Алматының дамуына бағытталған шаруалар екені түсінікті. Алайда, сол құрылыс жұмыстарына байланысты күн тәртібінде тұрған өткір мәселе бар. Ол – құрылыс алаңына қажетті құрылыс техникалары, яғни ауыр жүк көліктерінің жаңадан салынған немесе жөнделген жолдармен жүруі. Әлбетте, құрылыс жүріп жатқан соң мұндай техниканың – бетон араластырғыштар, экскаваторлардың жүруі қажет-ақ. Дегенмен, олардың күн сайын Алматы көшелерінде жүйткіп, қалаған жерін тұрақ жасап алуына болмас. Дәл осы мәселеге орай Р.Сыздыкова есімді оқырманымыз да өз ойын білдірген болатын. Бұл жолы алматылық Ержан Есімханов деген азамат жүк көліктеріне қатысты мынадай ойымен бөлісіп отыр.

– Ауыр техника, бұл – ең алдымен жүйкеңе тиетін шү. Әсіресе, ол түнгі уақытта жұмыс істейтін болса, тіпті қиын. Олардан шығарылатын қалдықтар денсаулыққа әсер етпей қоймайтыны тағы бар. Жаңадан салынған жолдарды құртады дегендей... Алматыда Жасыл экономика басқармасы (ЖЭБ) деген арнайы құрылым бар. Қателеспесем, мамыр айында аталмыш басқарма қаланың кіреберістеріне жүк техникалары тиеген қалдықтарды тексеруі тиіс 19 экопост орнатқандығы туралы есеп берген. Бірақ дәл осы экопосттар жұмыстарын талапқа сай орындап отыр деп айту қиын. Себебі, шаһарда жүк көліктері көбейіп кеткенін көріп отырмыз. Сол жосып жүргендердің барлығы тексеруден өте ме, қала көшелерінде олардың қаншасы жүр, ол да белгісіз. Соған қарағанда, Алматыда ауыр құрылыс техникасының жұмысын ешкім бақыламайтын сияқты. Ал ше-неуніктердің бұл мәселеге бас қатырғысы жоқ. Сондықтан мен мегаполисте жүк техникасын пайдалану ережелері ретінде белгіленуі керек бірнеше қарапайым қағидаларды ұсынамын. Бір ескеретіні, бұл жұмыстарды



іске асыру үшін әкімдіктің, жол полициясының және экологиялық қызметтердің бірлескен күш-жігері қажет.

1. Қала шегінде жүк техникасының қозғалысы жұмыс уақытымен қатаң шектелуі тиіс. Дүйсенбіден – жұмаға дейін, таңғы 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін. Демалыс күндері және кешкі уақытта жұмыс тоқтатылғаны жөн.
2. Жүк техникасының қалаған жерді, әсіресе түнгі уақытта тұраққа айналдыруына тыйым салынуы керек.
3. Жүк көлігінің қозғалыс жылдамдығы, әсіресе, жеке секторда шектелгені дұрыс.
4. Экологиялық нормаларға сәйкес келмейтін ауыр техника қалаға кірмеуі тиіс. Оны пайдалануға тыйым салып, оған рұқсат бергендерді қатаң жазалау керек. Экспосттар қалаға кіреберісте ғана емес, қаланың өзінде де болуы керек.



стадионда пандустар қойылмаған. Мүлдем жоқ!

Жанар Асылбек: Пандустың көмегімен мүмкіндігі шектеулі жандар қажетті жерлеріне кіріп-шығады. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол берілмейді деп сенеміз. Сондықтан қандай да бір нысанның құрылысын бастағанда дәл осы мәселені жауапты мамандар назардан тыс қалдырмағаны абзал. Талапқа сай пандустардың ені – 1 метр, биіктігі баспалдақпен деңгейлес болуы шарт. Қол тұтқаларының арақашықтығы мен көлбеулігі сай болу керек.



НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

жайсыз пандустар секілді, т.б. қала келбетіне нұқсан келтіретін көріністерге арналады

Сырғытпа жауап мәселені шешпейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынған болатын. Жаңа саяси бағыт жұртшылық тарапынан қолдау тауып, мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтардың арасындағы қарым-қатынасты бір жүйеге келтіруге, еліміздегі әрбір азаматтың үнін еститін мемлекет қалыптастыруға мүмкіндік берді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болудың ең басты шарты – халық мүддесін қорғау, яғни билік пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасты қалыптастыру. Бүгінде тұжырымдама аясында біраз шаруалардың басы қайырылды, қордаланған мәселелер шешімін тапты.

Бұл бағытта Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың халықпен жиі жүздесіп, олардың талап-тілектерін орындауға арналған бағдарламаларын үлгі етуге болады.

Мәселен, қала басшысы аптаның әр сәрсенбісінде «Алматы» телеарнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасына қатысып, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап береді. Бағдарламада Бақытжан Әбдірұлы халықпен мейлінше ашық әрі әділ диалог жүргізеді. Қажет болса, халықтың мұң-мұқтажын тыңдауға өзі барады. Халықтың талап-тілектері ескерусіз қалмайды. Қала басшысы бұл бағдарламадан тыс әр ауданның тұрғындарымен де

жиі кездеседі. Алматылықтарды толғандырған талай өзекті мәселелер шешімін тапты, қыруар шаруалар атқарылды. Олар туралы «Айтылды – жасалды», «Әкім тапсырмасы орындалып жатыр» айдарларымен тұрақты түрде беріп те келеміз.

Алайда, «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарына келіп түскен тұрғындар хаттарына үңілсек, Алматыдай алып мегаполистің аудандарында әлі де шешімін таппаған түйткілдер баршылық. Тұрғындар негізінен өздерін алаңдатқан мәселелерге құлақ аспайтын аудан әкімдіктеріне өкпелі. Жергілікті құзырлы мекеме басшыларының да азаматтардың талап-тілектеріне атүсті қарайтыны байқалады. Олар халықпен кері байланыс орнатудың бір тетігі – әлеуметтік желілер арқылы тұрғындар сауалына сырғытпа жауап қайтарумен шектеледі.

Алатау ауданында шешілмей жатқан мәселе жетеді

Аудан әкімдіктерінен келген хаттар арқылы тұрғындар өтініштерінің біразы орындалғанын аңғардық. Сырғытпа жауаппен алдағы уақытта жүзеге асырылатынын да байқадық. Уәделі сөздің дәлелін зерделеу үшін «Ақшамның» мониторингтік тобы сапарға шығып, аталған мекенжайларды тағы бір аралап, атқарылған жұмыстарды суретке түсіріп қайтты. Мәселен, (суретте) Медеу ауданы тұрғындарының өтініші бойынша Төлебаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолына асфальт төселген. Бірақ жұмыс соншалықты сапалы деуге келе қоймады. Кемшіліктер бар. Әйтпесе, Алматының орталық көшелері тақтайдай түзу, теп-тегіс болғаны дұрыс қой. Одан бөлек, медеулік жауапты қызметкерлер Орталық мәдени демалыс саябағының алдындағы саудасаттықты жоюға қатысты іс-шаралар күнде ұйымдастырылатынын хабарлапты. Тұрғындардың айтуынша, тексеру жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Соның арқасында бұл аймақта мамыражай тірлік пен мәдени аура қалыптасқан.

Ал Әуезов ауданының жауапты сала мамандары Сайран көлінің маңайын демалыс аймағына айналдыруды қалаған тұрғындар өтінішін назарға алмаған сияқты. Көлдің айналасы әлі де қоқысқа толы, лас жерлер әлі де көп. Алатау ауданына қарайтын «Теректі» ықшамауданы тұрғындарының атынан газетімізде «Жүреміз бе, жүземіз бе?» деген тақырыпта шағын мақала (35-36, 01.04.2021 ж.) жарық

көрген еді. Онда тұрғындар жаңбыр жауса батпаққа батып, күн ыстықта шаңы аспанға көтеріліп жататын жолға асфальт төсеп берулерін өтінген болатын. Бірақ алатаулықтардың бұл өтініші жақын арада орындала қоймайтын секілді. Себебі, аудан әкімдігінен келген хатта: «Теректі» ықшамауданындағы жаңа жол құрылысы су және кәріз желілерінің құрылысы аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының мәліметіне сөйкес, су және кәріз желілері құрылысының жүргізу бойынша жоба-сметалық құжаттама дайындалған. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемені анықтау бойынша конкурстық іс-шаралар өткізілуде» деп жазылған. Мұны да сырғытпа жауап демесеке лаж жоқ, неге десеніз, одан бері арада ай өтті. Әлі ешқандай өзгеріс жоқ. «Теректі» тұрғындардың айтуынша, мұндағы кейбір үйлер болмаса, көпшілігі өз қалталарынан 300 мыңнан ақша төлеп, су кіргізген. Ал кәріз мәселесін өздері аулаларына септик қаздырып, шешіп отыр. Алатау ауданында шешілмей жатқан мәселе жетеді. Сылдыр сөз, жалған ақпаратқа барлығының еті үйреніп кеткен. Әкімқаралар «жылт етіп көрініп уәдені үйіп-төгіп береді. Бірақ одан не пайда? Мұндай сырғытпа жауаптан әбден шаршадық» деген тұрғындар жол мәселесінің жақын арада шешілмейтініне тағы да көз жеткізгендей... Өкпелі. Өттеген-айы да осы.



Төлебаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолы.

Орындалып жатқаны некен-саяқ

Бұрындары халық қандай да бір мекеме басшысының қабылдауына жазылу үшін алдымен кезекке тұратын. Кейде ол кезекті апталап, тіпті айлап күтетін жағдайлар да кездесетін. Ал қазір виртуалды әлем, яғни әлеуметтік желі арқылы мекеме басшыларымен байланыс орнатуға жол ашық. Заман талабы да сол, бүгінде әлеуметтік мемлекеттік орган басшыларының кез келгенінде ресми блог-тұғырнамалары мен жеке парақшалары бар. Бұл бағытта Facebook, Instagram желілеріндегі парақшаларында мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен тікелей эфирлер өткізіп, халықпен ашық диалог құрып, жұмысын жүйелі жүргізіп отырған басшылар жетерлік. Десек те, таяқтың екі ұшы бар. Бір жағында жақсы нәтижелер көрсетіп, елмен етене жұмыс атқарып жатқан билік өкілдері тұрса, екінші жағында көптің көңіліне көлеңке түсіріп, олардың талап-тілектерін орындауға құлықсыз құзырлы орындар тұр. Демек, бірқатар мемлекеттік органдар электронды үкіметтің игілігін өз деңгейінде бағалай алмай отыр. Олай деуімізге қаладағы бірқатар аудан әкімдері мен жергілікті басқармалар басшыларының халықтың мұң-мұқтажы мен талап-тілегін орындауға құлықсыздық танытып отырған жауаптары дәлел. Яғни тұрғындардың түрлі тақырыптарды қамтитын сауалдарына бір құзырлы орын ізін суытпай жауап қайтарса, екіншісі немқұрайдылық танытады. Бірі нақты, көңілге қонымды жауап айтса, келесі біреулері халықтың өтініштерін ысырып қойып, үнсіз қалғанды құп көреді.

Мемлекет басшысының тұжырымдамасы аясында «Almaty aqshamy» газеті де «Facebook» желісінде арнайы парақшасын ашқанына көп уақыт бола қойған жоқ. Әлеуметтік маңызы зор мәселелерді зерделеп, оларды жылдам шешуді, билік пен халық арасында алтын көпір болуды мақсат тұтқан арнайы парақшамызға бүгінде 400-ге жуық оқырман тіркелген. Ашылғалы бері 100-ден аса талап-тілек, өтініш тіркеліп, оның 50–60-ына

ғана жауап берілген. Олардың арасында құрғақ уәдемен шектелгендері қаншама?! Кейбір тұрғындардың өтінішіне ресми орын өкілдері «назарға алынды» деп жауап берсе, кейбір мәселелер әлі күнге «жабулы қазан» күйінде қалып отыр. Демек, орындалып жатқаны некен-саяқ.

Газеттің жұмысы халықпен тығыз байланысты. Сондықтан көпшілік газетті өздерінің жанайқайын билікке жеткізетін бірден-бір көмекші деп біледі. Алайда, тілшілерге мемлекеттік мекемелерден жауап алу өте қиын. Құзырлы орындарға хабарласса, мемлекеттік мекемелер арнайы ресми хат сұрайды.

Содан не керек, «Almaty aqshamy» газеті тамыз айында газет оқырмандарының наразылығына орай қаладағы 8 ауданның әкімдерінің атына арнайы сауал жолдап, ресми хат жазған болатын. Ондағы мақсат – газетімізде жарияланған тұрғындардың өтініш-тілектерінің қашан орындалатынын білу, орындалып жатса, оны да басылым бетіне жариялап, көпті қуанту. Яғни қоғам мен билік арасындағы байланысты көрсету болатын. Жалпы, заң бойынша кез келген хатқа құзырлы орындар екі апта көлемінде жауап беруге міндетті. Бұл жөнінде ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңына, Ақпарат және коммуникациялар министрінің 23.02.2018 жылғы №50 бұйрығы бар. Онда: «...БАҚ-пен байланыс жөніндегі уәкілетті тұлға медиакөңілдікте қоғамда жағымсыз реакция тудыру мүмкін ақпаратты тапқан кезде мемлекеттік органның бірінші басшысын уақытылы хабардар етуге міндетті» деп жазылған.

«Almaty aqshamy» газеті әр ауданға кемінде 3–4-тен хат жолдады. Бірақ олардың жауаптары уақытынан өте жай келді. Басым бөлігінде «әйтеуір, жауап қайтарылса болды» деген желеумен заңнамадан, үкімет қаулыларынан үзінділер берілген, жолдаған сауалға сай келмейтін жауаптар жолданған. Тұшымды жауап жоқ. Сонда бұдан кім не ұтты?

Тұрғындардың түрлі тақырыптарды қамтитын сауалдарына бір құзырлы орын ізін суытпай жауап қайтарса, екіншісі немқұрайдылық танытады.



«Теректі» ықшамауданындағы жолдар.

Түйін:

Айтпағымыз, егер қандай форматта болса да көптің өтініші осылайша (көз алдау) сырғытпа жауап болып жалғаса беретін болса, онда халықты толғандырған, жұртты алаңдатқан әлеуметтік мәселелердің жақын арада шешіле қоюы екіталай. Өйткені, сырғытпа жауап мәселені шешпейді. Осы орайда, Мемлекет басшысының «қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады» деген Жолдаудағы айтқан сөздерін құзырлы орын өкілдері тағы бір зерделеп алса, артықтық етпейді деп ойлаймыз.

«Ақшам» арқылы айтамызға» шолу жасаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

САҚ БОЛСАҢЫЗ, АЛДАНБАЙСЫЗ

Қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, соңғы уақытта Алматы қаласының аумағында интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жасалатын алаяқтық фактілері жиілеген. Қаскөйлер әлеуметтік желілер, «Ватсап», «Телеграм» мессенджерлерін және тұрақты телефон байланысын пайдалануда. «Тәжірибе көрсеткендей, кез келген адам алаяқтардың құрбаны болуы мүмкін. Әсіресе, егде жастағылар жиі алданып қалады.



Әсел
ДАҒЖАН

«Айта кету керек, мұндай қылмыстарды тергеген кезде тергеу органдары Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге ақша аудару сияқты мәселелерге тап болады. Қаскөйлер бірреттік ұялы телефондар мен абоненттік нөмірлерді пайдаланады, ал мұндай қылмыстарды ашу үшін орасан зор күш салу керек», – деді Алматы аудандық полиция басқармасының басшысы Есен Ысқақов. Біріншіден, алаяқ өзін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде жалған атпен жәбірленушінің ұялы телефонына қоңырау шалып, сол арқылы сенімге кіреді. Әдетте, сөйлеу мәнері өте сыпайы. Содан кейін ол жана ғана белгісіз біреулер төлем картасын рұқсатсыз бұзып, одан ақшаны шешіп алмақ болғанын немесе күдікті әрекеттің анықталып, біреудің несие алмақ болып жатқанын хабарлайды. Сосын нұсқауларды орындауды және СМС кодты хабарлауды талап етеді. Көрсетілген СМС сандар түріндегі кодтар арқылы жәбірленушінің картасынан басқа карталарға ақша аударылады. Тәжірибе көрсеткендей, ақша көбіне Ресей Федерациясына немесе көрші елдерге аударылады. Екіншіден, олар өздерінің қылмыстық әрекеттерін жасау үшін жеке пайдалануға арналған тегін ANYDESK бағдарламасын пайдаланады. Бұл бағдарлама қазіргі уақытта қылмыстық мақсаттарда жиі қолданылады. Яғни кез келген сылтаумен алаяқ ұялы телефонға мобилді қосымшаны орнатуды мәжбүрлейді. Содан кейін телефонға толық қол жеткізе отырып, олар қаражатты шешіп алу, несие рәсімдеу сияқты өздерінің алаяқтық әрекеттерін жасайды. Үшіншіден, интернет-алаықтықтың тағы бір кең тараған түрі «OLX», «Колеса.кз», «Инстаграм» және басқа сайттарда орналастырылған тауарларды сату және қызметтерді көрсету туралы жарнамаға байланысты.

«Мысалы, бұл сайттарда тауарды, автокөліктің қосалқы бөлшектерін сату немесе қызмет көрсету туралы хабарлан-



дырулар орналастырылған. Сонымен қатар, алаяқтар өнім немесе қызмет үшін толық төлемді немесе оның бір бөлігін талап етеді. Картаға қаражатты алғаннан кейін байланысқа шықпайды. Оның үстіне қылмыскерлер әлеуметтік құрбанды алаяқтық ниеті бар деп айыптай отырып, өз деректерін (жеке куәліктің суретін, төлем картасының суретін) жіберуді жиі сұрайды», – дейді полиция өкілі. Төртіншіден, Қазақстан Республикасының аумағында, соның ішінде Алматы қаласында «Онлайн Несие» сияқты қызмет көрсететін шағын несие ұйымдарының түрлері көп. Несие алу үшін ұйымның сайты шағын несие алғысы келетін тұлғаның жеке куәлігінің суретін қоса отырып, жеке және баптау деректері толтырылады. Егер сіздің жеке куәлігіңіздің суреті болса, мұны да алаяқтар оңай пайдалана алады. Болашақта ақшаны қайтару мерзімі аяқталғаннан кейін коллекторлық қызметтер сізді іздей бастайды. Осыған байланысты полиция тұрғындарға бірнеше кеңес ұсынды:

Ешбір жағдайда ұялы телефоныңызға банк жіберген СМС код, сондай-ақ, CVV кодын (картаның артқы жағындағы 3 таңбалы код), телефон арқылы профиліңіз бен баптау деректеріңізді ешкімге айтпаңыз. Ешқашан Anydesk бағдарламасын жүктемеңіз, өйткені, сіз алаяқтарға ұялы телефоныңызға рұқсат бересіз. Тауарды сатып алу не қызметтерді алу кезінде қажетсіз тәуекелге бармаңыз, сатушыны және өнімнің өзін көруге тырысыңыз және оның қауіпсіз екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана төлем жасаңыз. Төлем карталары мен жеке басын куәландыратын құжаттардың суреттерін жібермеңіз. Банктік қызметтерге қатысты сұрақтар бойынша нөмірлері жалпыға қолжетімді, оның ішінде ресми сайттарда жарияланған банктердің CALL-орталықтарына тікелей хабарласыңыз. Отбасыңыз бен достарыңызға интернет алаяқтарының құрбаны болу қаупі туралы ескертіңіз. Осыған ұқсас жағдайларға тап болсаңыз, «102» пультіне немесе жақын жердегі полиция бөліміне хабарласыңыз.

ҚҰҚЫҚ

Тұрмыстық зомбылық тыйылмай тұр

Жыл сайын елімізде 1 мыңға жуық адам ата-ана құқығынан айырылады. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті басқармасының басшысы Жасұлан Байкенов айтты.

«Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалатын құқықбұзушылыққа қатысты жүргізілген талдау зорлық-зомбылықтың негізгі себебі ретінде әлеуметтік проблемаларды, оның ішінде алкогольдік ішімдікке салынудың теріс салдарын көрсетті», – деді Ж.Байкенов онлайн-брифингте.

Оның айтуынша, ішкі істер органдарының өтіншіхаты бойынша медициналық мекемелерге сот 3756 адамды бағыттаған. Олар алкогольдік ішімдікке салынудың салдарынан психикалық әрі мінез-құлықтың бұзылуына қатысты есепке қойылған.



Сонымен қатар, жыл сайын 1 мыңға жуық осындай адам ата-ана құқығынан айырылады.

Ал жыл басынан бері аталған басқармаға тұрмыстық зорлық-зомбылық жайында 125 мыңнан астам шағым мен хабарлама түскен.

Әзірлеген
Әсел БЕЛДЕУБАЕВА.

ҚОЛДАУ

Зейнетақының орташа мөлшері

Бүгінде елімізде екі миллионнан астам зейнеткер бар. Қазан айында бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 221,1 миллиард теңге бөлінді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жыл басынан бері қазақстандықтарға 2,2 триллион теңгеден астам зейнетақы төленген. Қаңтар–қазан айларында республикалық бюджеттен базалық зейнетақы төлеуге 682,8 миллиард теңге, ынтымақты зейнетақы төлемдеріне 1 триллион 543,2 миллиард теңге бағытталды. Ал қазан айында республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 221,1 миллиард теңге, оның ішінде базалық зейнетақыға 67,9 миллиард теңге, ынтымақты зейнетақыға 153,2 миллиард теңге бөлінді.

«1 қарашадағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 миллион 230 мың адамды құрайды. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақыны қоса алғанда) – 99 804 теңге», – делінген хабарламада.

Айта кетері, 2018 жылдың бірінші шілдесінен бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі әр алушыға оның зейнетақы жүйесіндегі тәжірибесін ескере отырып, жеке тағайындалады.

Егер зейнетақы жүйесіндегі жұмыс өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ын



құрайды. Содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады.

Мысалы, 20 жыл жұмыс өтілі болса, базалық зейнетақы күнкөріс деңгейі құнының 74%-ын, 30 жылда күнкөріс құнының 94%-ын құрайды.

33 және одан да көп жыл жұмыс өтілі болса, күнкөріс деңгейінің 100%-ы мөлшерінде белгіленеді.

Егер бір ай ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына МЗЖ бірнеше рет жасалса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық салынса, зейнетақы жасына жеткенде базалық зейнетақы соғұрлым көп болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕУМЕТ

Сүрінгенді демейді

Алматыдағы күйзеліске түскендерге арналған орталыққа күніне 10-нан астам адам жүгінеді. Орталық алғашында адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырғандар үшін ашылған екен. Кейін басқа да көмек түрлерін көрсете бастаған.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Ұзақ уақыт бойы есірткі қабылдаған Анна Козлова бүгінде нашақорлықтан мүлдем арылған. Оған дұрыс жолға түсуге «Реванш» қоғамдық қорының көмегі тиген. Онда емделушілер мамандардың қолдауымен арнайы бағдарламадан өтеді. Қазір Аннаның өзі де есірткіге тәуелді адамдарға көмектесіп, кеңес беретін нұсқаушы болуды жоспарлап жүр.

– Бұрын менен «сенің қолыңа не болған?» деп сұрағанда, айтуға қысылатынымын. Ал шын мәнінде осының бәрі есірткінің кесірі ғой. Енді бұл туралы ашық айта аламын. Осы жерде маған арнайы мамандар психологиялық тұрғыдан көп көмек берді. Бұл біз сияқты адамдарға аса маңызды. Солардың демеуімен көзқарасым түбегейлі өзгерді. Өмірдің аса қымбат екенін, өмір сүрудің қымбат екенін түсіндім. Сондықтан осындай жолға түскен адамдарға өзім де көмектескім келеді, – деді Анна. «Реванш» қоры 4 жыл бұрын құрылған.



Сол уақыт аралығында жоғары білікті заңгерлер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер 5 мыңнан астам адамға көмек көрсеткен. Олардың арасында адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған көпбалалы аналар, бұрын түрмеде отырғандар мен балалар үйінен шыққан жастар бар.

– Біз кешенді түрде қызмет көрсетеміз. Осы жерге көмек сұрап келгендерге барынша қолұшын созуға тырысамыз. Әкінішке орай, біздің елімізде әлеуметтік жағынан қорғалмаған адамдар бар. Тіпті, олар төтенше жағдай кезінде тізімде болмағандықтан азық-түлік себеті мен атаулы әлеуметтік көмекті ала алмаған. Қоғамдық қор қиын жағдайға тап болған әйелдерді уақытша тұратын баспанамен де қамтамасыз етеді. Мұнда олар жұмыс тауып, әбден орналасып алғашына тұра алады. Сондай-ақ, шаштараз, тігін және массаж курстарын оқуға мүмкіндік бар, – деді «Реванш» қоғамдық қорының директоры Елена Билоконь.

ШАРА

Жол жүру ережелерін бұзған

жүргізушілерге үш күнде 9 млн. теңге айыппұл салынды

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Сондықтан көлік тізгіндегендер әсіресе, Алматыдай алып шаһарда барынша мұқият болғаны жөн-ақ.

Алматыда соңғы 3 күннің ішінде 1500-ге жуық жүргізуші жолда жүру ережесін бұзған. Заңды елемеген 1 мыңдай алматылық 9 млн. айыппұл арқалаған. Тәртіп сақшыларының айтуынша, мұндай құқықбұзушылықтардың көбеюі жүргізушілердің жол ережесін дұрыс ажырата алмауынан орын алып отыр.

Жеңіл көлікті бұрын байлықтың көзі деп есептегендер, бүгінде оны қажеттіліктің нақ



өзі деп біледі. Содан да болса керек, кейінгі кезде бір отбасында төрт-бес машина мінген жандарға көзіміз үйреніп кеткен. Алайда, көлік мінген осы екен деп, қалаған жерде заң бұзып, ойлаған жерінде «еркелік» жасауға болмас. Өйткені, жол қателікті кешірмейді.



МӘСЕЛЕ

ДӘРІНІ ӨЗІМІЗ ШЫҒАРСАҚ ҚАЙТЕДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында отандық фармацевтика саласына көңіл бөлуді тапсырды. «Отандық фармацевтика саласын аяғынан тік тұрғызу

керек. Барлық дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуі тиіс. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Келесі жылдан бастап осы бағытта нақты нәтиже күтеміз», – деді Президент.



Серік ЖУМАБАЕВ

Қазір еліміздің фармацевтика өнеркәсібінде 79 кәсіпорын жұмыс істейді. Елдегі барлық шығарылатын дәрі-дәрмектің ақшаға шаққанда 90 пайызы – бес ірі зауыттың еншісінде. Отандық «Химфарм» АҚ, «СП Глобал Фарм», «Ромат», «Нобел АФФ», «Нұр-Май-Фарм» ЖШС, Қарағанды фармацевтика зауыты – өндірістің толық циклін жүзеге асыратын кәсіпорындар. Ал 15 жылдың ішінде отандық өндірушілердің нарықтағы үлесі 10 пайыздан 22 пайызға ғана көтерілген. Бүгінде еліміз дәрі-дәрмектермен өзін тек үштен бір бөлігінде ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан шет елдікіне әуес деп көпшілікке топырақ шашуға да болмайтын шығар.

Осы уақытқа дейін мемлекет жәрдем көрсетпесе, елімізде алып дәрі-дәрмек индустриясын құру мүмкін емес деп айтылып келді. Бұл бағытта ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ деп ауызды ку шөппен сүртуге және болмас. Дегенмен, Үкімет отандық дәрі-дәрмек өндірісін қолдауға шындап кіріспекші.

Ендігі міндет – өндірісті 50 пайызға дейін жеткізу.

Отандық фармацевтер өндіретін препараттар халықтың сұранысына кеңінен ие және ең арзан екендігін естен шығармау керек. Бұлар – бас ауруының, салқын тиюдің, жүрек ауруларының препараттары. Олар жаппай шығарылады әрі арзан. Сондықтан ақшалай көріністе олар небәрі 33 пайыз ғана өнім шығаратын болып отыр.

Фармацевтика өндірісін дамыту мақсаттары – ішкі сұраныстың 50 пайызын отандық дәрі-дәрмек өндірушілер есебінен қамтамасыз ету; еліміздегі фармацевтикалық кәсіпорындарда GMP халықаралық стандарттарын енгізу; Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында фармацевтика фабрикаларының құрылысы бойынша жобалар; ампула-инфузиондық ерітінділер мен антибиотиктерді шығару бойынша қолданыстағы өндірісті кеңейту; Нұр-Сұлтанда қан препараттарының өндірісі бойынша зауыт құрылысын салу және пайдалануға енгізу. Мемлекеттің есебінен жеті жылға арналған ұзақ мерзімді тапсырысты қамтамасыз ету инвесторларға сатуға және инвестицияларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер үшін 8–10 пайыз мөлшерлеменен жеңіл-

детілген ұзақ мерзімді несие-лерді беру қарастырылады. Халықаралық GMP стандарты бойынша жұмыс істей алатын мамандармен қамтамасыз ету жағы да ұмыт қалмайды. Бұл жерде де мемлекет ресурстары іске қосылмақ.

Сонымен қоса, ішкі нарықты контрабандалық және контрафактілік тауарлардан қорғау қажет. Өйткені, сапасыз дәрі-дәрмекке біздің есігіміз айқара ашық, ал ол көбіне терістік жақтан келеді. «Ресей өзінде іске алғысыз еткен дәрілерді бізге жібереді»

Қазіргі таңда еліміздің Шымкент өңіріндегі «Химфарм» зауыты мен Қарағандыдағы «Фитохимия» зауыты дәрі өндіруге елеулі үлес қосып отыр.

Бұл зауыттардағы жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі де, дәрілердің сапасы да шет елдерден келетін дәрілерден кем түспейді. Негізі, дәріні өсімдіктерден алған дұрыс. Өйткені, синтездік жолмен алынған дәрілер тым белсенді болғандықтан, наукастың ағзасы ол дәріні көтере алмауы мүмкін. Сондай-ақ, өсімдіктер-



деген сөз баяғыдан айтылып жүр.

Егер ДСҰ-ға кірген кезде бізде күшті өндіріс болмаса, бұл сала бәсекеге төтеп бере алмайды, онда импортқа тәуелді болғанымыз. Үкімет осыны да ескерген болар. Жалпы мамандардың айтуынша, фармацевтика – ең тиімді бизнес. Өзі шағын, сақталу мерзімі ұзақ, өтімді, ең бастысы, қосымша құны жоғары тауар, яғни қымбат. Қайткенде де, ұтылмаймыз.

Дәрі-дәрмек өндірісінде шетке иек артқанша, өзіміздің отандық дәрі-дәрмек өндіретін зауыттарымызды іске қосқан жөн секілді. Себебі, біздің бұған мамандарымыздың да біліктілігі жетеді, дәрі жасайтын шикізаттарымыз да баршылық.

Ең алдымен, бұл еліміздің экономикасы үшін тиімді болар еді. Өйткені, шеттен дәрі-дәрмек тасу еліміз үшін өте қымбатқа түсіп отыр. Дәрінің бағасына қоса, оны тасымалдау шығыны қосылып, дәрілердің өзіндік бағасы елімізге көтеріңкі болып жетеді. Елімізде, негізінен, өсімдіктен алынатын дәрілер ғана жасалады, ал синтездік жолмен алынатын дәрілерді өндіретін зауыттар болмағандықтан, оларды шеттен тасып отырмыз.

ден жасалатын дәрілердің аллергиялық әсері де болмайды. Осы орайда, дәрі жасайтын өсімдіктердің, шөптердің біздің елімізде өте көп екенін атап айта кеткім келеді. Яғни еліміздегі өсімдіктерді, дәрілік шөптерді бостан-босқа шіріткенше, неге өз кәдемізге жаратып, дәрі жасамасқа?!

Қалай болғанда да, «алыстан арбалағанша жакыннан дорбалағаннан» ұтарымыз айтпаса да түсінікті. Егер дәрі-дәрмекті өзімізде өндіре болсақ, жылдың басы мен аяғында медициналық орталықтарда дәрі-дәрмектің жетіспеушілігі болмас еді. Дәрілер өз елімізде өндіретін болғандықтан, оның бағасы да төмен болып, жеткізілуі де тез жүзеге асар еді. Айта кетерлік жайт, кейде тіпті елімізге шет елден сапасыз дәрілер келіп жатады. Егер біз дәріні өзіміз өндіретін болсақ, оны өз елімізде тұтынатын болғандықтан, сапасына да ерекше мән берер едік. Арнайы зауыттар болғаннан кейін, ғалымдардың түрлі дәрі-дәрмек өндіруге деген құлшынысы да артар еді. Тіпті, сапасы жоғары дәрі-дәрмек ойлап табылып жатса, оны шет елге экспортқа да шығарар ма едік?!

КӘСІПТІК БАҒДАР



Жазасын өтеушілер кәсіп игеруде

Жуырда Алматы қалалық Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде қалалық Жұмыспен қамту орталығының қызметкері Е.Жақыпова бас бостандығынан айырылған жасөспірімдермен кездесіп, оларға кәсіптік бағдар жұмысын жүргізді.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Жазасын өтеп жатқан жастар үшін мамандық таңдау мәселесі өзекті. Себебі, темір торда отырған олардың көпшілігі бүгінгі еңбек нарығымен, ондағы сұранысқа ие кәсіптермен таныс емес. Сондықтан орталық маманы оларға қысқа мерзімді оқыту курстары, әлеуметтік жұмыс орындары және қоғамдық жұмыстар туралы айтып берді. Сонымен қатар, әсіресе, келешекте жеке кәсіппен айналысқысы келетін жастар үшін мемлекеттік гранттар туралы сөз қозғалды. Ал олардың тарапынан «Басқа өңірлерде, әсіресе аудандарда осындай жұмыспен қамту орталықтары бар ма?», «Алматы қаласы үшін қалалық тіркеу міндетті ме?», «Жұмыс пен қысқа мерзімді курстарды біріктіруге бола ма?» деген сұрақтар қойылып, маман тарапынан нақты жауаптар алынды.

Мекеме аумағында №3 жалпы білім беретін қалалық мектептің бөлімшесі жұмыс істейді. Алматы қаласы Білім басқармасы мектеп оқушыларын жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз етеді. Оқушылар кеңсе және мектеп керек-жарақтарымен толық көлемде қамтамасыз етілген. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі, оқу курсын аяқтағаннан кейін оқушылар жалпы орта

білім туралы аттестат және мемлекеттік үлгідегі негізгі орта білім туралы куәлік алады.

2018 жылдан бастап ЛА-155/6 мекемесінде, яғни балалар колониясында жазасын өтеп жатқан жастар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұйымдастырған «Орта мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған қаржы», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» онлайн-курстарынан өтіп, курс бітіргені туралы сертификат алады. Бұл да болса балаға үлкен көмек, қолдау.

Иә, кәсіпке толмағандарды бейәлеуметтендіру процесінде олардың мамандық алуы маңызды. Кәсіптік мектепте оқыту 4 мамандық бойынша жүргізіледі: механикалық жинау жұмыстарының слесары, токарь, құрылыс ұстасы, ЭЕМ операторы. Оқу уақыты – 6,5 ай. Сосын оларға разряд беріле отырып, мемлекеттік үлгідегі куәлік алады. Сотталған оқушылар жазаны өтеу мерзіміне байланысты екі немесе үш мамандық алуға үлгереді.

Сондай-ақ, мекемеде 15 сотталған адам жұмысқа орналастырылған. Оның ішінде 10 жазасын өтеуші бекітілген еңбек ақысымен мекеменің шаруашылық қамтамасыз ету бөлімшесіне жұмысқа орналастырылды, 5-еуі мекеме аумағында орналасқан «Ақниет үміті» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің тігін цехында жұмыс істеп жүр.

ӘЛЕУМЕТ

Жалақы бойынша берешек жоқ

Қаладағы еңбек қатынастарын бақылауды қамтамасыз ету – Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басты назарында.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары қызметкерлердің құқығын қорғау бойынша бақылау жүргізеді. Жыл басынан бері азаматтардың еңбек құқығын қорғауға бағытталған 253 жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Еңбек заңнамасы нормаларының 241 бұзылуы анықталып, заңдылықты бұзушылықты жою туралы 146 ұйғарым берілген. 83 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде жалақыны уақытылы төлемегені үшін 61 заңды тұлға айыппұл төлеген. Жалақы бойынша берешек банкрот болған 5 кәсіпорында 32 қызметкер алдында 41,5 млн. теңгені құрайды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қалада

жалақы бойынша ағымдағы және мерзімі өткен берешек жоқ.

Жүргізілген іс-шаралар 163 кәсіпорында 278,3 млн. теңге сомасына жалақы бойынша берешекті өтеуге мүмкіндік берді, осылайша 1662 жұмыскердің еңбек құқығы қорғалған.

Мемлекет назарындағы көпші-кон мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Биылғы 10 ай ішінде құзырлы орындарға 2472 этникалық қазақ жүгінген. Оның ішінде оралман мәртебесін беру немесе ұзарту бойынша 778 адамға қызмет көрсетілген болса, шет елде тұратын этникалық қазақтар қатарындағы туыстарын Қазақстанға көшіру үшін 108 шақыру берілді (ҚР азаматтарынан 44 өтініші).

Ал қалаға шетелдік жұмыс күшін тарту үшін 2915 бірлік мөлшерінде квота бөлініп, барлығы 1114 рұқсат берілген. Шетелдік жұмыс күші шығатын негізгі елдер: Қытай – 49,3%, Түркия – 13,2%, Украина – 10,8%, Өзбекстан – 3,8%.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕЖЫЛ
30

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Төрехан
ДАНИЯРОВ

Көк туымыз – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты рәмізі. Халқымыз үшін азаттықтан асыл, байрақтан биік құндылық жоқ. Қазақтың тарихы «Туың жасылмасын!» деген бір ауыз тілекке сыйып тұр. Бабаларымыз қашанда туын биік ұстаған. Елдігі сыңа түскен сәтте байрақ астына бірігіп, тұтастығын танытқан. Ерлік пен бірліктің дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, Тәуелсіздік дәуіріне ұласты. Егемен елдің көк байрағы – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2019 жыл ішінде қоғамдағы бірегей тың өзгерістер де, елеулі жарқын жаңалықтар да, елді дүрліктірген, өкінішке толы оқыс әрі төтенше оқиғалар да жадымызға жатталып қалды.

Қазақ Елінде сабақтастық жолымен жаңа Президенттің сайлануы, Астана қаласының Нұр-Сұлтан болып қайта аталуы, Жастар жылы, Қазақстанның Өзбекстандағы жылы сияқты ерекше атап өтуге тұрарлық оқиғалар аз болмады. Жыл басталысымен «Нұр әлем» сферасында өткен жастар форумында Қазақстан Президенті Жастар жылын ресми түрде ашық деп жариялады. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға арнайы Жастар жылын өткізудің «Жол картасын» әзірлеу тапсырылды. Ол жас қазақстандықтарды қолжетімді әрі сапалы білім, жұмыс, тұрғын үй және отбасын құру жөніндегі маңызды қажеттіліктермен қамтамасыз етуді көздейтін нақты қолдау шараларын қамтыды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 19 наурызда Қазақстан халқына Президент ретіндегі өкілеттігін тоқтату туралы Үндеуін жариялады. Сөйтіп, Қазақстандағы билік сабақтастығы конституциялық тұрғыдан реттелгені белгілі. Елбасы атап өткендей, Президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімі аяқталғанға дейін Сенат төрағасына беріледі. Содан кейін жаңа Президент сайлауы болады. Тұңғыш Президент айтқандай бәрі заң шеңберінде өтіп, Президенттің міндетін атқару Сенат төрағасы қызметіндегі Қасым-Жомарт Тоқаевқа аманатталды. 23 наурызда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының атауын «Нұр-Сұлтан» деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды.

Арада көп уақыт өтпей-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Үндеу жолдап, 2019 жылдың 9 маусымында кезектен тыс Президент сайлауы өтетінін жария етті.

Кезектен тыс Президент сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Сәдібек Түгел, Амангелді Таспихов, Дания Еспаева, Төлеутай Рахымбеков, Жамбыл Ахметбеков, Әміржан Қосанов түскен болатын. Халықтың 70,76 пайыз дауысын алған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті болып сайланды. 12 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті.

Маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Осыған байланысты борышы бар азаматтардың кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша жүктемесін азайту шарасы бірқатар санатты қамтыды. Осы науқанның нәтижесінде 500 мыңнан астам азаматтың борыш жүктемесі азайды.

2019 жылдың және бір жаңалығы – жеке тұлғалардың салық өсімпұлын кешіру шарасы. Бұл үшін халыққа негізгі қарызды төлеу міндеттелді. Сонда ғана өсімпұл автоматты түрде өшіріледі. Осы шара жыл соңына дейін жалғасты. Салық рақымшылығы аясында қазақстандықтар 10 желтоқсандағы жағдай бойынша 13 млрд. теңге көлеміндегі салық берешегін өтей алған.

26 желтоқсанда Парламент Сенатының 21 баптан тұратын «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдауы да ұстаздар өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі. Құжат төрт бағытты қамтыды. Біріншіден, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстардан босату, олардың жүктемесін азайту. Екіншіден, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту. Үшіншіден, материалдық емес ынталандыру тетіктері, сондай-ақ төртіншіден, материалдық ынталандыру қамтамасыз етіледі.

Қазақстан тарихындағы екінші Президенттің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауы – «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру-



Мемлекет басшысының Жарлығымен 2019 жыл – «Жастар жылы» деп жарияланған болатын. Сондықтан жаңа жылдың алғашқы алқалы жиынының жастармен қауышуға арналуы да тегіннен-тегін емес еді.

23 қаңтар күні Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөз сөйледі. «Баршаңызды Жастар жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – мемлекет тарапынан өскелең ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз. Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Ұлы Дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық. Есілдің жағасында еңселі елордамыз – Астананы тұрғызып, тарихта бұрын-соңды болмаған зор жетістікке қол жеткіздік. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі егемен еліміздің болашағы – сіздер үшін жасалып отыр. Барша жастарды өздерінің әлеуетін белсенді жүзеге асыруға, мүмкіндіктерін барынша пайдалануға, заманауи білім алып, күннен-күнге шыңдала түсуге шақырамын. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақала дәл осы мақсатқа бағытталған», – деді Елбасы.

ды көздеген Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттік қызметінде халықпен тиімді кері байланыс орнатуды, қоғамдық келісімді ны-

ғайтуды, шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыруды көздейтінін мәлімдеді.

Тәуелсіздік шежіресі

2019

ЖЫЛДЫҢ
БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Жастар жылы: «Жол картасы»;
2. Қазақстандағы билік транзиті: Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өз өкілеттігін тоқтату жөніндегі Үндеуі;
3. Қазақстандағы билік сабақтастығының конституциялық тұрғыдан реттелуі;
4. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы;
5. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылуы.

27 ақпан

Nur Otan партиясының кезекті XVIII съезі өтті. Партияның «Бақуатты қоғам: он-жылдықтың 10 мақсаты» атты 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы қабылданды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Біріккен Араб Әмірліктеріне барып, Абу-Да-



бидің тақ мұрагері, Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының орынбасары шейх Мұхаммед бен Заид Әл Наһаянмен кездесті. Кездесу барысында тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті проблемаларды, туризм, цифрландыру, ғарыш, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты талқылады.

20 наурыз

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына ант беру рәсімі өтті. «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіне жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы рәсімге қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде жоғары әрі жауапты қызметті атқара отырып, Елбасының стратегиялық бағытын жалғастыра бе-



ретінін айтты. Рәсім барысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасыға «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, «Алтын жұлдыз» айрықша белгісі табыс етілді.

3-4 сәуір

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Ресей Федерациясы Президенті В.В.Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына сапармен барды. Қос елдің Президенттері мәлімдеме жасады. «Қазақстан



Республикасы мен Ресей Федерациясы өзара сенім, стратегиялық серіктестік және жан-жақты ынтымақтастық негізінде тең құқылы және егемен мемлекеттер ретінде одақтастық

қатынастарды және интеграциялық өзара ықпалдастықты дамыта отырып, бұл ретте мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті өзара құрметтеу, тең құқылық және ішкі істерге араласпау, күш немесе күш қаупін қолданбау, мемлекеттердің аумақтық тұтастығы, шекараның мызғымастығы, дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, халықаралық міндеттемелерді адал орындау, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау қағидаттарын басшылыққа алады...», – делінген онда.

9 сәуір

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешім қабылдағаны жөнінде Қазақстан халқына Үндеу жариялады.

«Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам. Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орнын алды. Бізді ықпалды және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды. Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткіріп отырмыз. Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіл әлем қоғамдастығы осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады... Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы керек. Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек. Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!», – деді Президент.

23 сәуір

Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Nur Otan партиясының кезектен тыс XIX съезі өтті. Күн тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына Nur



30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

Отан партиясының атынан үміткер ұсыну жөніндегі мәселе қаралды. Нұрсұлтан Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевты еліміздегі жоғары лауазымға лайықты үміткер екенін айтып, оның Отан алдындағы сіңірген еңбегі мен жеткен жетістіктеріне тоқталды. «Қасым-Жомарт Тоқаев менімен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қызметтің түрлі саласында жұмыс істеді. Ол – ұзақ жылдар Сыртқы істер министрлігіне жетекшілік етіп, Қазақстанның сыртқы саясатын бірге қалыптастыруға атсалысқандардың бірі. Оның дипломатиялық дәрежесі шет елде жоғары бағаланады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болғанын және тәжірибелі мемлекет саясаткері екенін жақсы білесіздер», – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

30 мамыр

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы Президент Жарлығы (Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 30 мамыр, №55) жарияланды. Жарлыққа сәйкес, 2020 жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік комиссия құрылып, 2019 жылғы 1 қазанға дейін Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспар бекітілуі тиіс. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейін кешенді жаңғырту жөнінде қажетті шаралар қолға алынады.

31 мамыр



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық кеңес төрағасы Дональд Тускен келіссөз жүргізді. Тараптар әртүрлі саладағы Қазақстан мен Еуропалық одақ ынтымақтастығының перспективаларын талқылады. «АЛЖИР» мемориалды-музей кешеніне барды. Олар қасірет қақпасының алдында басы иіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етті.

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде елімізде 1997 жылдан бері аталып келеді.

9 маусым

Елімізде Қазақстан Республикасының Президентін сайлау өтті. Мемлекет басшысы №115 сайлау учаскесіне барып, дауыс берді. Журналистер алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауының тарихи күн екенін атап өтті. Ол билік тарапынан сайлаудың ашық әрі демократиялы өтуі үшін барлық жағдай жасалғанын айтты. Сайлау үдерісін 1000-нан астам халықаралық миссиялардың өкілдері, сондай-ақ, 40-тан астам елден келген 350-ге жуық журналист бақылады.

25 маусым

Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлануына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына АҚШ Президенті Дональд Трамптан құттықтау жеделхаты келіп түсті.



2021 жылғы 19 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Президент ретіндегі өкілеттігін тоқтату туралы Ун-деуін жариялады. Қазақстандағы билік сабақтастығы конституциялық тұрғыдан реттелді. Президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімі аяқталғанға дейін Сенат төрағасына беріледі. Содан кейін жаңа Президент сайлауы болады. Тұңғыш Президент айтқандай бәрі заң шеңберінде өтіп, Президенттің міндетін атқару Сенат төрағасы қызметіндегі Қасым-Жомарт Тоқаевқа аманатталды.

«Осы жылдардың ішінде екіжақты қарым-қатынастарымызда үлкен жетістіктерге қол жеткіздік, ынтымақтастық рухымыздың әрі қарай да жалғаса беретініне кәміл сенемін. Америкалық бизнестің Қазақстанмен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту бағытында жаңа мүмкіндіктер алғаны қуантады», – деп жазды Дональд Трамп.

Ақ үй басшысы, АҚШ-тың Қазақстанмен кеңейтілген стратегиялық әріптестікті ілгерілету жолындағы бірлескен жұмыстарды жалғастыра беруге ниетті екенін атап өтті.

«Мен ортақ қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл жасау үшін біздің терең стратегиялық әріптестігімізді ілгерілету ісінде Сізбен ынтымақтастыққа үміттенемін. АҚШ Қазақстанмен мығым әріптестікті бағалайды. Орталық Азия мен жаяндық деңгейдегі ортақ мүдде аясында Сізбен және Қазақстан халқымен бірлескен жұмыстарды жалғастыра бермекпіз. Жұмысыңызға мол табыс тілеймін», – делінген АҚШ Президентінің құттықтауында.

24 тамыз

«Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев форумда сөйлеген сөзінде қазақ халқы үшін Ұлытаудың тарихи мәні мен киелілігін, сондай-ақ, бұл қасиетті мекеннің этнографиялық, зияраттық және экологиялық туризмді дамыту үшін зор әлеуеті бар екенін атап өтті.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқын Жаңа 2020 жылмен құттықтауынан (2019 жылғы 31 желтоқсан):

«...Тарихымыздың төрінде екі жылдың тоғысқан сәтінде айтылатын ақ тілектің орны бөлек. Әрбір азамат, әрбір шаңырақ Жаңа жылдан жақсылық күтеді. Бұл – табиғи дүние. Біздің бүгінгі басты бағытымыз – Жаңғыру жолы.

Баршаға қуаныш сыйлайтын Жаңа жыл мейрамы осы мақсатпен үндеседі.

Өтіп бара жатқан 2019 жыл еліміз үшін аса маңызды оқиғаларға толы болды.

